




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛАТАУ ҚАЛАСЫНА АРНАЙЫ МӘРТЕБЕ БЕРІЛМЕК



Қазақстанда жаңа урбанистік және экономикалық тәжірибе бастау алғалы тұр. Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында екінші оқылымда қаралған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заң осы үрдісті заңнамалық түрде қамтамасыз етпек.

(Жалғасы 3-бетте)

БІТІМ

Билер шешімі, шешендер сөзі елдің небір төтегі мен телісін тоқтатып, Бшекіскенді бітімге шақырып, араздасқанды татуластырған. «Елге бай құт емес, би – құт» деген сөз содан қалса керек. «Биі мықты елді дау алмайды» дегендей, еліміздің судьялары, билері мен медиаторлары халқымызды даудан сақтап келеді десек, артық айтқандық болмас.

БИИ МЕН МЕДИАТОРЫ МЫҚТЫ ЕЛДІ ДАУ АЛМАЙДЫ

Биыл «Медиация туралы» заңның қабылданып, тараптар арасындағы өзара келісімді қамтамасыз етудің тиімді жолына айналғанына 15 жыл. Алғашқы жылдары халықтың «Медиация туралы» заңды түсінуі қиын болғаны рас. Мысалы, 2012 жылы судьялар мен медиаторлардың қатысуымен Оңтүстік Қазақстан облысы соттарында қаралған жүз мыңға жуық істің тек 187-і, яғни 0,2 пайызы ғана татуласу рәсімдері тәртібімен аяқталған.

Заман талабына байланысты Жоғарғы Соттың бастамасымен барлық аудан, қала, облыстық соттарда судьялар мен жергілікті билік органдары бірлесіп осы заңды түсіндіру әрі насихаттау жұмыстарын ұйымдастырды. Сот қызметкерлерінің тарапынан күнделікті жүргізілген осындай ерен еңбектің нәтижесінде, жоғарыдағы көрсеткіш жыл сайын 0,5-1 пайыз шамасында өсе бастады. Сөйтіп бес жылда бұл көрсеткіш 4,5 пайызға жетіп, одан кейінгі жылдары медиативтік келісімдер қарқынды түрде еселеп өсті. ҚР Жоғарғы Сотының «Қазақстанның сот төрелігі: ахуалы, үрдісі, келешегі» атты жинағында татуласу бойынша азаматтық істердегі үлесі 2018 жылғы 4,5 пайыздан 2020 жылы 10 пайызға дейін өскені көрсетілген.

Осы ретте Жоғарғы Соттың экс-төрағасы Ж.Асановтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатта: «Біз құқықтық мемлекет құрып жатырмыз. Өкінішке қарай әлі де болса қарапайым халықтың құқықтық сауаты төмен. Сол

үшін халыққа соттасудан бұрын ымыраға келуді айтып келеміз. Азаматтарымыздың келісімшарт жасау, оның шарттарын орындау, қарызды қайтару сияқты мәдениетін дамыту қажет. Дәл осы санаттағы істер соттарда жиі қаралады. Қазіргі таңда істердің 70 пайызы азаматтық дауларға қатысты», – дегені ойға оралады.

Соңғы бес жылда еліміздің сот жүйесінде бұл көрсеткіштер еселеп артты. Былтыр тамыз айында Президент қабылдауында болған Жоғарғы Сот төрағасы А.Мерғалиев: «Азаматтық істер бойынша дауларды шешудің баламалы әдістерін қолдану 24 пайызға, яғни, 61 мыңнан 76 мыңға дейін өскенін» айтқан. Сонымен қатар, Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотқа дейінгі татуласу рәсімдері көптеп қолданылып, олардың қатарында медиация, бітімге келу мен татуластыру рәсімдері бар екенін жеткізгені есімізде.

Осындай жоғары көрсеткішке Түркістан облысы, соның ішінде Төлеби ауданының да қосқан үлесі бар. Біз бұрын да, қазір де қолдағы бар мүмкіндікті пайдаланып, дауларды сотқа дейін және сотта тараптарды татуластыру жолымен шешуге бар күш-жігерімізді салудамыз. Бүгінгі таңда аудандық сотта жұмыс істейтін 5 судья да татуластырушы судья болып бекітілген. Өзара келісім бойынша, аудандық сотта әр айдың екі жұмыс аптасында Шымкент қаласынан кәсіби медиатор Б.Дауленбаева келіп жұмыс істейді.

(Жалғасы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

ҚАРАТӨБЕНІҢ ҚАЗЫНАСЫ

Кез келген ауылдың тарихы сол елге адал қызмет еткен азаматтардың Кеңбегімен жазылады. Сайрам ауданы, Жұлдыз ауылдық округіне қарасты Қаратөбе ауылы үшін сондай тұлғаның бірі – өмірін мал шаруашылығына, ауылдың өркендеуіне арнаған, еңбегімен ел жадында қалған Әшірбай ОРАШОВ.



Әшірбай Орашов 1939 жылдың 2 маусымында Шымкент облысы Қаратөбе ауылында дүниеге келген. Әулетте жеті ағайынды болды. Үлкен шаңырақта тәрбиеленген ол бала күнінен еңбекке ерте араласып, шымболаттай шыңдалып өсті.

(Жалғасы 4-бетте)

3-БЕТ



Үш ауысымды мектептер саны қысқарды

5-БЕТ



Жеңісгүл ДАУҒАРИНА, Астана қалалық көпсалалы физиопульмонология және ішкі аурулар орталығы директорының орынбасары.

«Туберкулез – кедейлер ауруы» деген түсінік қате»

8-БЕТ



Көлеңке

ПАЙЫМ

БІТІМ

БИИ МЕН МЕДИАТОРЫ МЫҚТЫ ЕЛДІ ДАУ АЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Төлеби аудандық сотының бастамасымен 2024 жылы Ленгір қаласында Татуластыру орталығы салтанатты түрде ашылып, татуластыру рәсімдерін жүргізіп халыққа қызмет көрсетіп келеді. Орталықтағы медиация бөлмесіне жауапты үш қоғамдық медиатор бекітіліп, тұрақты түрде татуластыру рәсімдерін жүргізуде. 2025 жылы аудандық соттың ұсынысымен жергілікті Білім бөлімімен бірлесіп отырып, аудан орталығындағы бөлімге қарасты ғимараттан «Медиация кабинеті» ашылды. Ғимараттың үлкен әрі кең кабинеті жаңа жиһаздармен жабдықталып, медиаторлардың жұмыс істеуіне толық мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар, аудандағы барлық ауылдық округтерде «Медиация туралы» заңның талаптарына сай келетін 26 қоғамдық медиатор сайланып, бекітілген. Олар әр сәрсенбі сайын жиналып, өздеріне жүгінген азаматтарды татуластыру бойынша кеңес өткізіп, тараптарды келісімге шақырады.



Гани БАЙАРЫСТАН, Түркістан облысы Төлеби аудандық сотының төрағасы

Быттыр қараша айында медиация кабинетінде Төлеби ауданына қарасты барлық ауылдық округтердің зиялы қауым өкілдері мен беделді ақсақалдарына Шымкенттен арнайы шақыртылған кәсіби медиаторлар Дана Кенжеқұлова, Лаура Акшегірова дәріс өткізіп, семинар соңында 26 қоғамдық медиаторға біліктілік сертификатын табыстаған болатын.

Қоғамдық медиаторлар татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту, азаматтардың сот шығындарын және әуре-сарсаңға түсуін барынша азайту мақсатында, соттан тыс дауларды реттеу бойынша тиісті жұмыстарды атқаруда. Қоғамдық медиаторлар қоғамға пайдасын тигізіп, өз ауылындағы абырой-беделі мен білімін пайдаланып көптеген дауларды татуласу жолымен шешуге атсалысып келеді.

2025 жылы сотқа барлығы 2 568 (2024 жылы 2 533) талап қою түсіп, оның ішінде татуластыру санатындағы (медиабельді) 496 (404) талап қою татуластырушы судьяларға бөлінген. Яғни, бұл жалпы түскендердің 19,3%-ын құраған. Татуластыру санатында түскен талап қоюлар 2024 жылмен салыстырғанда, быттыр 20%-ға өскен.

Өткен жылы Төлеби аудандық сотында жалпы татуласу келісімі, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және партисипативтік келісім тәртібімен аяқталатын істер саны 412 (2024 ж. - 381) болып, көрсеткіш 31-ге өскен. Татуластыру рәсімдері еңбек, отбасылық, шарттық қатынастардан туындаған және қарыз, залалды өндіру туралы даулар санатындағы істер бойынша да қолданылды.

2024 жылдан бастап статистикалық есепке «медиабельді іс» деген деректеме енгізілгендіктен, татуластыру рәсімдерін қолдануға болатын талап қоюлардың саны статистикалық есеп кәргішесінде «медиабельді іс» белгісі қойылған істердің көрсеткішімен есептеледі.

Қорыта айтсам, татуластыру көрсеткіштерін бекітілген формуламен есептесек, аудандық соттың орташа көрсеткіші өткен кезеңге қарағанда көтеріліп – 42 % құраған. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті одан да жақсартуды жоспарлап отырмыз. Дауларды сотқа дейін шешудің тиімділігі мен артықшылығын халыққа жеткізу мақсатында судьялардың қатысуымен быттыр 9 насихат жұмысы ұйымдастырылып, жергілікті басылымдар мен «фейсбук» әлеуметтік желісінде сот қызметкерлерінің 10 мақаласы жарияланды және тиісті адамдардың қатысуымен медиация тақырыбында 2 «дөңгелек үстел» мен 2 семинар сабақ өткізілді.

Бұрынғы билердің екі ауыз сөзбен дауласқанды бітістіріп, келісімге келтіргені тарихтан белгілі. Қоғамдағы тұрақтылық пен келісім туралы айтқан кезде, Шәңкі бидің «Келісіммен сөйлесек, ердің құны екі ауыз сөзбен бітеді. Келісімге келмей керісе берсек, елден береке, ерден қадір кетеді» деген сөзі еске түседі. Шынығында, елдің бірлігі мен ынтымағы берік болса, берекеміз болады.

МІНБЕР



КОНСТИТУЦИЯ - КӨПШІЛІК ТАҢДАУЫ

Қазақстанның мерекелік күнтізбесіне жаңа мереке енгізілді. Биылғы жылдан бастап ел халқы 15 наурызда Конституция күнін атап өтпек. Осы арқылы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Ата Заң өзінің тарихи миссиясын аяқтады. Отыз жылдық тарихында Конституция отандық заң базасының толық жасақталуына негіз қалады. Осы жылдар ішінде елдің өгемдендігі нығайып, алыс-жақын елдермен достық, іскерлік байланыс жақсы жолға қойылды. Соның арқасында мемлекет ішіндегі тыныштық пен тұрақтылық қана емес, ел сыртында жүрген азаматтарымыздың қауіпсіздігіне көпідік жасалды.

Ал жаңа Конституция алдыңғы құжаттағы уақыт сынынан өткен баптарды қалдыра отырып, жаңа заман қажеттілігіне сай көптеген тың өзгерістерді қамтыған. Жобадан тыс барлық жаңашылдықтар көпшілік талқысына шығарылып, жан-жақты талданды. Арнайы дөңгелек үстелдер, қоғамдық талқылаулар ұйымдастырылып, ұсыныс-пікірлердің бәрі жаңа құжатты дайындаған жұмыс тобына жолданды. Бұл іске қарапайым халық та белсене қатысып, өздерінің азаматтық ұстанымын білдірді. Осылайша 15 наурызда бүкілхалықтық референдум өтіп, онда сайлаушылардың 87,15%-ы жаңа Конституцияны құптап дауыс берді. Ата Заңда дәйектелгендей, Парла-

мент енді бір палаталы болып Құрылтай деген атауға ие болады. Сондай-ақ депутаттардың өкілеттіктері айтарлықтай қысқармақ. Өрі азаматтардың құқықтарын нақтылауға және әлеуметтік кепілдіктерді күшейтуге басымдық берілген. Мемлекеттің қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындауға көңіл бөлінген.

Жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары бүкіл құжаттың ерекше басымдығы және өзегі ретінде бекітілген. Бірлік, ынтымақтастық және ұлтаралық келісім мемлекеттіліктің негізі ретінде айқындалған. Әділ Қазақстан идеясы, «заң мен тәртіп» қағидаты, табиғатты құрметтеу қажеттілігі конституциялық деңгейде дәй-

ектелген. Құжатта алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы ереже қарастырылғанын айта кеткен жөн. Осылайша адам капиталын, білім беруді, ғылымды, мәдениетті және инновацияны дамытуға ерекше назар аударылады.

Дін мен мемлекет арасындағы айырмашылық нақты айқындалып, білім беру және тәрбиелеу жүйесінің зайырлы сипаты бекітілген. Сондай-ақ «Заң мен тәртіп» қағидатын конституциялық деңгейде бекіту құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» ұстанымын нығайтуға жол ашары талассыз. Бұл қағидаттың негізгі құқықтар мен бостандықтар туралы бөлімге енгізілуі азаматтардың құқығын айшықтап, негізсіз айыптау қауіпіне тосқауыл қояды. Әсіресе, кінәсіздік презумпциясы ұстанымының нақтылануы жаңа Конституцияның пәрменін арттыра түседі.

Конституция адам өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беріп қоймай, оны күшейте түсуімен де ерекше болып отыр. Мәселен «Миранда ережесі» арқылы енді құқықтық орбитаға тартылған азаматтардың өз мүддесін қорғауына кең көлемде мүмкіндік қарастырылған. Соның ішінде құзырлы органдардың әрекеттері нақтыланып, адамдарға не үшін ұсталғанын, қандай құқығы бар екенін түсіндіру міндеті жүктелді. Өзіне қарсы түсінік беруден бас тарту, адвокат көмегін пайдалану және басқа да құқығы барын білген азаматтардың заңсыздықтан қорғалатыны анық.

«Кенескен істе кемшілік болмайды» демекші, көпшіліктің жан-жақты талқылауының арқасында дайындалып, азаматтардың басым бөлігінің құптауымен қабылданған жаңа Конституция мемлекет бірлігін нығайтып, ел еңсесін тіктеуге ұзақ уақыт қызмет етеді деп сенеміз.

Майқұл МАМУТОВА, Көксу аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

Мемлекеттің ішкі тәртібі мен қағидаларын бекітіп, сыртқы қарым-қатынасын орнықтыруға заңдық негіз қалайтын Конституцияның орны бөлек, маңызы зор. Конституция – барлық заңдардың бастауы. Сондықтан оның Ата Заң ретінде дәріптелуі орынды.

АТА ЗАҢ – АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Алтын қазығымызға айналған Ата Заңның да заман қажеттілігіне, қоғамның сұранысына сай өзгертілуі, түрлі толықтырулар енгізілуі қалыпты үрдіс. 1995 жылдан бері отыз жылдан аса уақыт тәуелсіз Қазақстанның тыныс-тіршілігінің құрметіне болып келген, дамуымыз бен өркениетке жетуіміздің алғышартына айналған біздің Конституциямызға да талай өзгерістер енгізілді. Дегенмен бүгінгідей цифрлық дәуірге қадам басқан сындарлы кезде Ата Заңға қайта-қайта өзгеріс енгізіп, басты құжатты жаңғырта берудің тиімсіз екенін тәжірибе көрсетті. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жаңа Конституцияның жобасы дайындалып, көпшілікке таныстырылған еді.

Жаңа Конституция жобасын дайындауға еліміздегі мықты заңгерлер, білікті ғалымдар мен мемлекет, қоғамның көрнекті қайраткерлері қатысты. Мұндағы әрбір жаңашылдықтарды талдап, талқылаудан ешбір азамат сырт қалған жоқ. Әсіресе, осы жолғы талқыда азаматтық қоғамның ерекше белсенді болғанын орталық референдум комиссиясының деректері де дәлелдеп отыр. Мәселен, жоба таныстырылған кезден бастап қарапайым азаматтардан реформаға қатысты 10 мыңнан астам ұсыныс түскен екен. Соның нәтижесінде Ата Заңның барлық бөлімін қамтитын 77 бапқа өзгеріс енгізіліп, мәтіннің 84 пайызы жаңартылды.

Талқының ашық жүргізілуі еліміздегі демократияның ғана көрінісі емес, бұл сондай-ақ тұрғындардың цифрлық форматты жетік меңгергенін айқындаған шара болды. Өйткені, Қазақстан халқы жобаға қатысты ұсыныстарын e-Otinish және eGov цифрлық платформалары

арқылы жолдаған. Мұндағы ұсыныстар мемлекеттік басқару жүйесінің орнықтылығын нығайтуға, билік институттарының өкілеттіктері мен жауапкершілігі арасындағы теңгерімді күшейтуге, сондай-ақ елдің стратегиялық басымдықтары ретінде адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға қатысты тетіктерді барынша жетілдіруге қатысты болғанын айта кеткен орынды. Осы арқылы халық Бас құжаттағы жаңашылдықтарға бейжай қарамайтынын көрсетті. Өрі бұл халқымыздың цифрлық тұрғыдан сауатының артып келе жатқанын, өз пікірін ашық алаңда, онлайн платформаларда білдіруге ниетті екенін дәлелдесе керек.

Сонымен 2026 жылдың 15 наурызында көпшіліктің басым дауысымен қабылданған Конституцияның жаңашылдығы аз емес. 11 бөлім мен 96 баптан тұратын Бас құжат қазіргі екі палаталы Парламенттің орнына Құрылтайдың құрылуын заңдық тұрғыдан бекітті. Бұдан бөлек ел мен билік арасындағы алтын көпірдің ролін атқаратын Халық кеңесінің енгізілуі, Вице-президент лауазымының айқындалуы да маңызды жаңалықтар қатарында.

Бүгінде Конституцияның мақсатын халыққа түсіндіру бойынша ауқымды насихат жұмыстары жүргізілуде. Бұл дәл қазір орындалуы тиіс негізгі жұмыс. Өйткені, Конституцияның өміршең болуы халықтың тек дауыс беруіне ғана емес, оны күнделікті өмірде сауатты қолдана білуіне де тығыз байланысты.

Гүлнар КҮДЕРБАЕВА, Самар аудандық сотының төрағасы ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАТЫНА ҚАЙШЫ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет дамуына елеулі қауіп төндіретін, қоғамдағы әділеттілік қағидаттарына қайшы келетін теріс әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік институттарға деген сенімді әлсіретіп, заң үстемдігі қағидатын бұзады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу – құқықтық мемлекет қалыптастырудың негізгі бағытының бірі.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң арқылы айқындалған. Аталған заңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны болдырмау және жауапкершілік шаралары нақты көрсетілген. Сыбайлас жемқорлықтың негізгі белгілеріне қызметтік өкілеттіктерді жеке пайдасына пайдалану, пара алу және беру, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті заңсыз немдену жатады. Мұндай әрекеттер Қылмыстық кодексте қылмыс ретінде танылып, тиісті жаза көзделген.

Мемлекет тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында кешенді шаралар қабылдануда. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар қызметінің есептілігін арттыру, электрондық мемлекеттік қызметтерді дамыту, сондай-ақ қоғамдық бақылау институттарын күшейту жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресте құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, адалдық пен парасаттылық құндылықтарын насихаттау – жемқорлықтың алдын алудың тиімді жолдарының бірі. Әсіресе, жастар арасында «адалдық» қағидатын орнықтыру болашақта құқық бұзушылықтардың азаюына ықпал етеді. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылатынын ұмытпауымыз керек.

А.САБИРАДИНОВ, Тұтқараған аудандық сотының судьясы МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАҒДАР

АЛАТАУ ҚАЛАСЫНА АРНАЙЫ МӘРТЕБЕ БЕРІЛМЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл бастама нені көздейді, қандай мүмкіндіктер мен тәуекелдер бар. Бұл жөнінде «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» заң жобасы бойынша негізгі баяндаманы жасаған Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов егжей-тегжейлі жеткізуге тырысты. Нұртай Салихұлының айтуынша, заң жобасының мақсаты – Алатау қаласына ерекше құқықтық режим беру. Бұл дегеніміз, қалада кәсіпкерлік, инвестиция және басқару салаларында жалпұлттық нормалардан бөлек, икемдірек ережелер қолданылуы мүмкін. Осыған орай құжатта «бизнес-лицензия», «салықтық преференциялар», «басым салалар» сияқты жаңа ұғымдар енгізілген.

Бұл нормалар инвесторлар үшін түсінікті әрі тұрақты орта қалыптастыруды көздейді. Әсіресе «қаржылық орнықтылық» қағидатының күшеюі – инвестициялық келісімдердің ұзақ мерзімде өзгеріссіз сақталуына кепіл болмақ.

Заң жобасындағы маңызды жаңалықтардың бірі – инвестициялық жобалар бойынша толық ашықтық талабы. Енді инвестиция көлемі, берілген жеңілдіктер, міндеттемелер ашық ресурстарға жарияланып отырады. Бұл – Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа тәжірибе. Сарапшылар мұны «көлеңкелі келісімдердің» алдын алатын құрал ретінде бағалайды.

Сонымен қатар, арнайы режимді

пайдаланып, басқа өңірлердегі бизнесті «қағаз жүзінде» көшіру арқылы жеңілдік алу мүмкіндігіне шектеу қойылған. Бұл шешім экономикалық әділеттілікті сақтауға бағытталған.

Алатау тек экономикалық жоба емес, сонымен қатар цифрлық урбанистика алаңы болмақ. Осыған орай заң жобасында инфрақұрылым, көлік, ТКШ, қауіпсіздік жүйелері толығымен біріншілік платформаларға біріктіріледі. Бұл – «ақылды қала» (smart city) моделіне көшу әрекеті. Мұндай тәсіл басқару тиімділігін арттырып, шығындарды азайтуға мүмкіндік бермек. Құжатта есептілік пен бақылау тетіктері де күшейтілген. Бұл талаптар негізінде әкімшілік жыл сайын бюджет орындалуы туралы есеп беріп, олар түгелдей ғаламторда жарияланады. Сонымен қатар Үкімет пен Жоғары аудиторлық палата есептеріне енгізіледі.

Әкімшілік актілерге сот арқылы шағымдану мүмкіндігі де нақты бекітілген. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаттарының сақталуына бағытталған маңызды қадам.

Депутаттар құжатты талқылау барысында әлеуметтік бағыттағы бірнеше өлшемдер енгізілді. Халық қалаулыларының ұсынысымен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді орта қалыптастыру, кешенді дизайн қағидатын енгізу, экология талаптарын күшейту. Нұртай Салихұлының айтуынша, бұл шаралар жаңа қаланың тек экономикалық емес, әлеуметтік жауапты жоба болуын қамтамасыз етеді.

Заң жобасын әзірлеуде Қытайдың арнайы экономикалық аймақтары, әсіресе Шэньчжэнь тәжірибесі негізге алыныпты. Осы ретте Сабильянов мырза Қазақстан моделі – толық көшірме емес, ұлттық құқықтық жүйеге бейімделген нұсқа екенін шегелей айтты.

Алатау қаласына арнаулы мәртебе беру – Қазақстан үшін стратегиялық эксперимент екені анық. Бұл жобаның ұсынатын мүмкіндіктері жаңа инвестициялық ағын, инновациялық басқару, өңірлік дамудың жаңа драйвері болады деген үміт бар. Десе де тәуекелдер де жоқ емес. Нұртай Салихұлы оларды жасырып қалмады. Депутаттың айтуынша, құқықтық нормалардың күрделенуі, бақылау әсіресе – жемқорлық қаупі, өңірлер арасында теңсіздік туындау қаупі бар. Сондықтан бұл жоба тек заң қабылдаумен шектелмей, оның іске асу сапасына тікелей тәуелді.

Қосымша баяндама жасаған Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев бұл заң Алатауды дамыту үшін елімізде бұрын қолданылмаған жаңа тәсілдерге негізделген құқықтық база қалыптастыратынын атап өтті.


Бірлескен отырыс қорытындысы бойынша депутаттар «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

Төктерін айтқанда, Алатау – болашақтың жоба ма, әлде тағы бір декларативті жоба ма – оны уақыт пен тиімді басқару ғана көрсетеді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Қазіргі кезеңде азаматтық қоғамды дамыту – мемлекеттің тұрақты өрі үйлесімді дамуының басты шарттарының бірі болып отыр. Азаматтық қоғам – бұл мемлекет пен халық арасындағы байланысты нығайтатын, қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін және өр азаматтың белсенділігін арттыратын маңызды орта.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ – ТҰРАҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ



Қазақстанда азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған бастамалар жыл сайын жүйелі түрде іске асырылуда. Бұл бағыттағы негізгі мақсат – халықтың мемлекеттік басқару процестеріне қатысуын арттыру, қоғамдық ұйымдардың ролін күшейту және ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету. Азаматтық қоғамның дамуы ең алдымен үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ), еріктілер қозғалысының және қоғамдық бірлестіктердің белсенділігімен тікелей байланысты. Бүгінде бұл ұйымдар әлеуметтік мәселелерді шешуге, халықтың түрлі топтарының мүдделерін қорғауға және маңызды қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруға үлкен үлес қосып келеді.

Деректерге жүгірсек, Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы соңғы жылдары дами бастаған. Елде 23 335 үкіметтік емес ұйым (ҮЕҰ) тіркелген, оның ішінде 18 204 белсенді ұйым әртүрлі әлеуметтік салаларда қызмет атқарады: білім, құқық қорғау, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және тағы басқа. ҮЕҰ қоғамдағы мәселелерді шешуге араласып, азаматтардың өмір сапасын арттыруға үлес қосады. Дегенмен бұл тарапта әлеуметтік жағдайды саралау, азаматтардың белсенділігін електен өткізіп отыру маңызды.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы Еркежан Арыннан осы мәселеге қатысты пікірін сұрады.

«Қазақстанда азаматтық қоғамды қолдауға бағытталған стратегиялық құжат – «Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы 2021–2030» қабылданған. Бұл құжат азаматтар мен ҮЕҰ-ларға құқықтық, әлеуметтік және институционалдық қолдау көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен азаматтық сектор арасындағы диалогты күшейту мақсатында түрлі қоғамдық кеңестер, дөңгелек үстелдер және форумдар ұйымдастырылуда. Елімізде жыл сайын Қазақстандағы азаматтық қоғам ұйымдары 2 мыңнан астам әлеуметтік жобаларды іске асырады. Бұл жобалар тұрақты даму мақсаттарына, адам құқықтарын қорғауға, білім беру мен қоршаған ортаны сақтау салаларына бағытталған. Соңғы жылдары азаматтық бастамаларды дамытуға 10,3 млрд теңгеге жуық гранттар бөлінді. Бұл қаржылық қолдау 27 мыңға жуық игі іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді» дейді маман. Азаматтардың белсенділігін арттыру үшін не істеу керек? – деген сауалымызға:

– Ең алдымен құқықтық сауаттылықты арттыру қажет. Адамдар өз құқықтары мен мүмкіндіктерін білсе, қоғам өміріне белсендірек араласады. Сонымен қатар ашықтық пен сенім де маңызды. Әрбір бағдарлама, әрбір шара ашық жүргізілуі қажет. Бұл шарадан мүмкіндігі шектеулі азаматтарды да тыс қалдырмау керек. Себебі қазір қоғамда көптеген шаралардан олар тыс қалып жатады. Біреуі денсаулығына байланысты шеттетіліп жатса, енді бірі қоғам өздерін елемейтінін айтады. Осыған байланысты әрбір аймақтық үкіметтік емес ұйымдар бұл мәселеге назар аударғаны жөн. Мұндай азаматтардың да қажеттілігі, ұсынысы ескерілуі тиіс. Олар әкімдіктердің өткізетін шараларынан тыс қалмауы қажет.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БІЛІМ

ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР САНЫ ҚЫСҚАРДЫ

Алматы облысында наурызда 7200 орынды 9 «Келешек мектебінің» құрылыс жұмысы аяқталды. Оның бөсеуі Алатау қаласы Қоянқұс ауылы, Іле ауданы Тілендиев ауылы, Қарасай ауданы Бұлақты ауылы, Талғар ауданы Тұздыбастау, Жалқамыс ауылдарындағы үш ауысымды мектептерді жою үшін салынуда. Соның нәтижесінде өңірдегі үш ауысымды мектептер саны 28-ден 23-ке дейін қысқарады. Ал Еңбекшіқазақ ауданы Сатай, Ащысай ауылдары, Талғар ауданы Қызылту, Көктал ауылдарындағы 4 мектеп ондағы оқушы орнының жетіспеушілігін шешуге бағытталды.

Мемлекет басшысының үш ауысымды мектеп мәселесін шешу туралы тапсырмасы бойынша, елімізде 2023 жылдан бастап «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылған болатын. 740 мың оқушы орны бар 359 заманауи мектеп салуға бағытталған бұл жобаның атауы бытыр «Келешек мектебі» деп өзгерді. Жалпы, 2019 жылдан бері елде 100-ге жуық үш ауысымды мектеп пен 400-ден астам мектептегі орын тапшылығы мәселесі шешілген болатын. Мәселен, Алматы облысында тек 2022–2025 жылдары үш ауысымды мектеп саны 52-ден 28-ге дейін азайды.

Алматы облысы әкімдігінің есебі бойынша, биыл облыстағы 13 мектептің күрделі жөндеу жұмысын жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 10,9

млрд теңге бөлінді. Оған Еңбекшіқазақ ауданындағы Масақ, Нұрлы, Ы.Алтынсарин атындағы мектептер, Жам-

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»



ҚЫЗМЕТ

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ АДАМ ӨМІРІН САҚТАП ҚАЛДЫ

Ақмола облысында патрульдік полиция қызметкерлері көміртегі тотығымен уланған жүргізушінің өмірін сақтап, қайғылы оқиғаның алдын алды.

Оқиға Астана-Петропавл автожолында орын алған. Сағат 07:00 шамасында патрульдік полиция батальонының 1 взводның инспекторлары – Мейрамбек Мекеш пен Асанәлі Әлиханов қызмет атқару кезінде капоттың астынан қалың түтін шыққан «Газель» көлігін байқады.

Полициялар дереу тоқтатып, көлікке жақындайды. Дауысқа ешкім жауап бермеген соң инспекторлардың бірі көліктің бүйір терезесін сындыруға мәжбүр болған. Кабинадағы қимылсыз адамды полиция қызметкерлері жедел

таза ауаға шығарып, алғашқы көмек көрсете бастайды. Жедел жәрдем бригадасы келгенше олар оның жағдайын бір қалыпта ұстап, одан кейін жедел жәрдем көлігін жақын жердегі емдеу мекемесіне дейін ілестіріп жүрді. Оқиға барысында 22 жастағы жүргізушінің істеп тұрған көлікте ұйықтап кетіп, көміртегі тотығымен уланғаны анықталды. Полициялардың уақытылы жасаған әрекеттерінің арқасында қайғылы салдардың алды алынды. Қазіргі уақытта оның өмірі бір қалыпты.

Полиция азаматтарға автокөлікті пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керектігін ескертті.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

СПЕКТАКЛЬДЕР ШЕРУІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Өткен аптада театрсүйер қауым Халықаралық театр күнін республика аумағында кең көлемде атап өтті. Дәстүрлі театр фестивальдарын сән салтанатымен қарсы алатын бұл мереке руханият өкілдерінің асыға күтетін елеулі күніне айналған.

Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында Халықаралық театр күні биыл да салтанатпен аталып өтілді. Театрда бір апта бұрын басталған «Қаллеки тынысы» спектакльдер шеруі өз мәресіне жетті.

21-27 наурыз аралығында көрермендерге соңғы бір жылда сахналанған премьералар ұсынылды. Әрбір қойылымға театр сыншылары кәсіби баға берді. Бағдарлама аясында актерлік шеберлікті дамытуға бағытталған шеберлік сабақтары өткізілді. Көрермендердің дауыс санының қорытындысы бойынша «Үздік актер» аталымы Жанат Оспановқа, «Үздік актриса» атағы Инабат Әбеноваға берілді. Қазылар алқасының шешімімен де «Үздік актер» атағы Жанат Оспановқа табысталып, «Үздік актриса» аталымына Айкөркем Тұранова лайық деп танылды.

«Екінші пландағы үздік ер адам ролі» аталымында Ұлан Қабыл жеңімпаз атанса, «Екінші пландағы үздік әйел ролі» Ботагөз Мақсұтоваға берілді. «Үміт» номинациясына Қайыржан Садықов ие болды. Қазылар алқасының арнайы жүлдесі Айнұр Жетпісбаеваға табысталды. Ал «Театр тарланы» құрметті сыйлығымен Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамов марапатталды. Сонымен қатар шарада мәдениет қайраткерлері мен кәсіби қауымдастық өкілдерінің арнайы жүлделері де табысталды.

Премьералық қойылымдарды насихаттауға, актерлік шеберлікті дамытуға және театр өнерін кеңінен дәріптеуге бағытталған «Қаллеки тынысы» шеруі жыл сайын өткізіліп келеді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әшірбай Орашов күн-түн демей осы шаруашылықтың тынысын күзетіп, шопандармен үздіксіз байланыста болып, қажетті дәрі-дәрмекті дер кезінде жеткізіп отырды.

«Миллионер колхоздағы» мықты маман

Тамыз айы келгенде қойды қозысынан бөлу науқаны басталады. Бұл кезде он сегіз отар қойдан қосымша тағы он бес отар бөлініп шығады. Әр жүз қойдан 110 қозыға дейін төл өріледі. Бұған дейін қой қыркымы өтеді. Әр қойдан орта есеппен 3,5 келі жүн, ал қошқарлардан 5 келіге дейін жүн алынады. Осылайша 25 мың қойдан 60-70 тоннаға жуық жүн жиналады. Ол таразыға тартылып, 100 келіден буылып, арнайы өңдеу орнына жөнелтіледі.

Колхозда асыл тұқымды мал өсіру де жолға қойылған еді. Алты айлық қошқарлар сатылымға шығарылып, олардан түскен табысқа қарай 50 пайыздық дотация алынады. Осындай еңбектің нәтижесінде тұяққа-тұяқ қосылып, «Коммунизм» «миллионер колхоз» атанып, республикаға танылды. Бұл – сол заман үшін үлкен мәртебе, айрықша дәреже еді. Осындай биік деңгейге жетуде Әшірбай Орашовтың маңдай тері мен өлшеусіз еңбегі жатқанын әріптестері ерекше құрметпен еске алады. Мәселен, **Мұратбек Пірназаров** сол жылдар жайлы былай дейді: «Біздің колхоздың миллионер атануына Әшірбай ағаның қосқан үлесі орасан зор. Малдың жайын, өнімнің сапасын күнделікті бақылауда ұстайтын ол ауыр еңбектің ортасында жүретін. 1970–1980 жылдары Сайрам ауданы республика бойынша халық саны ең көп аудан болды. Жыл сайын он мыңға жуық сәби дүниеге келетін. Аудандағы мектеп, аурухана, мәдениет үйлері мен көшелердің көбі осы колхоздың күшімен салынды. Мен колхозда отыз жыл бухгалтер болдым, бас бухгалтер қызметін де атқардым. 1986 жылдан бастап Әшірбай ағамен бірге еңбек еттік. Ол кісінің жұмысқа берілгені сонша, кейде жұмыс киімін алуға да келе алмайтын. Біз оның жағдайын түсініп, барлық құжаттарды алдын ала дайындап қоятынбыз».

Орашовтың адамгершілігі мен қамқорлығы да әріптесінің жадында күні кешегідей сақталыпты. «Әшірбай аға маған әрдайым ақыл-кеңесін айтып отырды. «Балам, жұмысыңды тура істе» дейтін. Осы бір қарапайым сөз маған өмірлік бағдар берді. Ата-анамнан ерте айырылып, ағамның қолында өстім. Өмір жолымда кездескен осындай жақсы адамдардың арқасында бір жерде табан аудармай, отыз жыл адал қызмет еттім», – дейді Мұратбек Пірназаров.

Қолайлы жағдай жасамай, нәтиже талап ету орынсыз

Әшірбай Орашовтың тәлімін көріп, өнегесін алған шәкіртінің бірі – Сейдулла Ибишев. Ол Қалпаңбек зооветеринарлық техникумын қызыл дипломмен тәмамдап, жолдамамен осы «Коммунизм» колхозына жұмысқа келеді. Осы жылдары Әшірбай Орашов тек колхоз малымен ғана шектелмей, Қаратөбе ауылына қарасты елді мекендердегі тұрғындардың да төрт түлігін қарап, елдің алғысына бөленіп жүрген білікті маман еді. «Коммунизм» колхозында өсірілген қой «Оңтүстік Қазақстанның биігі жүнді қойы» деген атауға ие болған.

«Ол кезде жас маманмын. Әшірбай көкем өте талапшыл болды. Қой төлдету науқаны – мал дәрігері мен шопан үшін ең жауапты кезеңнің бірі. Отардағы аналық қойлар орта есеппен 45 күнде төлдеп бітеді. Сол аралықта жас мамандар күні-түні отарда болатынбыз. Ол кісі шопандардың жалғыз қиналып қалмауын қадағалау үшін осылай істейтін. Оның үстіне, төлдейтін түлікті үсіріп алмау да оңай шаруа емес. Өйткені, бір күнде бір ғана қой емес, көп дегенде 30-40 қой төлдейді. Кейбір аналық қойлар қозысын алмай қояды. Мұндайда жас төлді аман алып қалу үлкен тәжірибе мен жауапкершілікті талап етеді. Қалтамызға ылғи да бірнеше бөтелке сүт салып алатынбыз. Қозылардың әлсізін қолдан емізіп, аяққа тұрғызатынбыз. Кәсіби катысты осындай дүниенің бәрін мен көкемнің жанын-

да жүріп үйрендім», – дейді Сейдулла Ибишев.

Әшірбай Орашов мал азығына ерекше мән беретін. «Қой қашырымға семіз түсуі керек» деп, қойды жоңышқаға жаятын. «Жоңышқада жайылған қойдың міндетті түрде 30

лықаралық әйелдер күні еді. Кешкі сағат сегізге достармен бас қосуды жоспарладық. «Көке, бүгін мереке ғой» деп едім, үндеместен отарды аралауға алып кетті. Бір отарға барсақ, шопан жоқ. Көкемнің қабағы қатайып кетті. Содан борандатып көрші ауылға

«Мен көкемнен он алты жас кіші болдым. Оның көпшілікпен қалай сөйлесетінін, алқалы той-жиынды қалай ұйымдастыратынын өз көзіммен көріп, жанында жүріп үйрендім. Сол жинаған тәжірибемнің жемісін бүгін көріп отырмын», – дейді ақсақал.

адам еді. Үйіміздің алдында азды-көпті малымыз болды. Күндіз шаруаның бәрін тиянақтап, кешкісін спортпен айналысамыз. Сабақ үлгеріміміз төмендесе, спортқа баруға рұқсат жоқ. Біз үшін бұл ең үлкен жаза еді. Үйімізде тәртіп бірінші орында тұрды. Мен – шаңырақтың үлкенімін. Менен кейін екі інім мен екі қарындасым бар. Әкем бізге ең алдымен адалдықты үйретті. «Біреудің ала жібін аттама» деген сөзді қайталап отыратын. Ол кезде оның мәнін түсінбеспіз. Өсе келе бұл өсиеттің «ұрлық жасама, алдама, әділ бол» деген терең мағынасы бар екенін ұқтық. Бүгінде сол әкелік тәрбиені өз балаларымызға аманат етіп айтамыз.

Мен де әкем еңбек еткен ауыл шаруашылығы саласына келдім. Инженер-механик, құрылысшы мамандығын алып, әкеммен бірге қызмет атқардым. Еңбектің арқасында түрлі жауапты қызметтерге жеттім. Сайрам аудандық комсомол комитетінде инструктор болдым, кейін партия мүшелігіне қабылдандым. Егемендік алғаннан кейін ауылымыз Шымкент қаласының құрамына еніп, Еңбекші ауданына қосылды. Осы жылдары Сайрам аудандық мәслихатының депутаты, кейін мәслихат хатшысы қызметін атқардым. Әкем өте іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары адам еді. Оның аузынан «шаршадым» деген сөзді ешқашан естімедік. Айналасына да сондай еңбеккер, жауапкершілігі мол адамдарды жинай білді.

Зейнетке шыққаннан кейін де әкем әулеттің ақылшысы, тірегі болды. Ол кісіні түрлі жиынға шақырып, еңбегін елеп, марапаттап жататын. Бүгінде өзіміз де балаларымызды оқытып, қатарға қостық. Барлығы отбасыларын асырап, еңбек етіп жүр, шүкір. Кейде «әкеміздей бола алмадық-ау» деп ойлаймыз. Әкем үш бірдей депутат тәрбиелеп шығарды. Бұрын біз еңбек майданында үздік болуға ұмтылатынбыз. Қазір балалар жаңа технологияның тілін меңгеруге, тіл білуге, өздерін жан-жақты дамытуға талпынуда. Бұл да уақыттың, заманның талабы шығар.

Өмірінің соңғы жылдарында әкем сырқаттанып жүрсе де, шаруашылықты бір көріп қайтуға ынтығып тұратын. Жас кезінде өзі жүріп өткен жерлерге көз тастап, кешке қарай мал өрістен қайтқанда ақ шандағы аспанға көтеріліп, маңыраған қой мен мөңіреген сиырдың үніне адамдардың дауысы қосылып у да шу болып жатқан көрініске сүйсіне қарап, рахаттанып қайтатын. Немерелеріне: «Бұл біздің қанымызда бар, ата-бабамыздан қалған қасиет. Еңбекке бейімделе білсеңдер, береке өзі-ақ келеді» дейтін, – дейді ұлы.

Абыз

Әшірбай ақсақал туралы қатарластары, інілері айтқан естелікті тыңдадық. Ағамыз еңбек майданында үлкен табысқа жетті, өнегелі ұл-қыз өсірді. Соның бірі – кенже ұлы Бәйкен Әшірбаев. Ірі кәсіпкер, мененат, қалалық мәслихат депутаты. Қазақтың сөзін ұстаған қарағайдай азаматтың бірі. Қазақ қандай болады десе ұялмай көрсететін жігіт ағасы.

Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қарттарды шал, қария, ақсақал, абыз деп төртке бөлген екен. Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түгін аңдып, ұй аралап, өсек айтатын қарт – шал. Өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген қартты – қария деп, тұтас бір ауылдың жоқ-жітігін түгендеп, жыртығын бүгіндеп, азаматын атқа мінгізіп, айынын асырып отыратын қартты – ақсақал деп атаған. Ал, бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын жыртып, дау-дамайын шешіп, аргы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеті сіндірген қартты – абыз деп атаған. Баукең айтқан ойды саралай келе бүгін бір аймаққа аты шыққан Әшірбай атаны абыз ақсақал деуге әбден болады.

Түйіндей келе айтармыз, өмір бойы шаруашылықтың жайын құйттеп, елдің қамын өз мүддесінен биік қойған, адал еңбекті өмірлік ұстанымына айналдырған осындай тағлымды тұрғын иелері – бір әулеттің ғана емес, тұтас елдің ортақ мақтанышы. Туған жердің өркендеуі жолында аянбай тер төккен азаматтардың есімі уақыт тезінен өшпей, тарих қойнауында сақталып, ел жадында мәңгі қалса, бұл біз үшін кейінгі буынға қалдырған ең үлкен мұра болмақ.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ҚАРАТӨБЕНІҢ ҚАЗЫНАСЫ



пайызы егіз туады» дейтін. Ол малдың жем-шөбінің сапасына қатаң талап қоятын. Сиыр фермаларындағы көрсеткіш те жоғары болды. Сүт өндіру жағынан колхоз аудан бойынша екінші орынға шықты. Әшірбай Орашов үшін тек мал ғана емес, малға қараған адам да қымбат еді. Көктемде төл алу науқаны аяқталғаннан кейін шопандарды дала өрісіндегі өмірден бір сәт алшақтатып, еліміздің киелі жерлерін аралатып, Ташкентке апарып, демалдыратын. Бұл сол уақыт үшін үлкен қамқорлық пен құрмет еді.

«Көкем: «Егер сен қойшыға жағдай жасамасаң, одан жұмыс талап ете алмайсың» дейтін. Мен осы сөзді өмірлік қағида етіп алдым. Сосын «Қойшының ақысын жеген адам екі дүниеде оңбайды» дейтін. Бұл – шындық. Жылдың төрт мезгілінде де тыным таппай маңдайы күнге күйіп, табаны тасқа тиіп тер төгетін нағыз еңбекторлар осы қойшылар», – деп сөзін түйіндеді Сейдулла Ибишев.

Түн ортасында да тоқтамаған еңбек

Әшірбай Орашовтың жанқиярлық еңбегіне куә болған жанның бірі – **Жаманқұл Пірімқұлов**. Ол колхозда жүргізуші болды, трактор айдап, отар-отарды аралап, қойшыларға қажетті дүниенің барлығын жеткізіп отырған.

«Бір күнде жиырма отарды аралап шығатынбыз, – дейді Жаманқұл Пірімқұлов. – Әшірбай көкем жүргізушілердің ішінен арнайы мені таңдап алғанда ішімнен «Жаңа трактор айдайтын болдым» деп қатты қуанып едім. Бұл қызметтің жауапкершілігі қандай екенін кейін білдім ғой. Тойға да, басқа жиынға да оңайлықпен бара алмайды екенсің».

Әшірбай Орашов үшін ең бастысы – жұмыс. Алдымен міндет орындалуы тиіс, содан кейін ғана басқасы. «Ха-

Қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлы жасы үлкен қартайғарқы шал, қария, ақсақал, абыз деп төртке бөлген екен. Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түгін аңдып, ұй аралап, өсек айтатын қарит – шал. Өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген қариты – қария деп, тұтас бір ауылдың жоқ-жітігін түгендеп, жыртығын бүгіндеп, азаматын атқа мінгізіп, айынын асырып отыратын қариты – ақсақал деп атаған. Ал, бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын жыртып, дау-дамайын шешіп, аргы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиетті сіндірген қариты – абыз деп атаған. Баукең айтқан ойды саралай келе бүгін бір аймаққа аты шыққан Әшірбай атаны абыз ақсақал деуге әбден болады.

барып, шопанды тауып алып, қайтадан отарға апардык. Сағат түнгі он екілер шамасында ғана жұмыс аяқталды. Үйінің алдына келіп тоқтадым. Трактордан түсті де «Таңғы алтыда кел» деп есікті жапты. Міне, ол құрғақ, көпірме сөзден гөрі нақты іске бейім, қыстың қытымыр аязында малды аман алып қалуды ғана басты міндет санайтын кісі еді. Бейнеті қандай ауыр болса да Әшірбай Орашов басқа шаруаға келгенде ешқашан «Мен мал дәрігерімін» деп шет қалмайтын. Мәселен, жем тарту кезінде жарық сөніп қалса, жұмысты тоқтатпай, өзі кірісіп кететін. Жемді бәріміз жабылып, қолмен тартатынбыз. Сосын оны шелекпен тасып, көлікке артатынбыз. Қысқасы, жемді отарға апарып, түсіріп бергенше жаны жай таппайтын», – дейді Жаманқұл қария.

Әшірбай Орашовтың тағы бір қыры, ол көмек сұрай келген адамды бос қайтармайтын. Сондықтан да оны көпшілік тек басшы ретінде ғана емес, үлкен жүректі азамат ретінде құрметтеді. **Әмірхан Төлеев** те Әшірбай Орашовпен бір ауылда туып-өсіп, қасында жүріп талай істің қыр-сырын меңгерген.

Береке еңбекпен келеді

Әшірбай Орашов өмірлік жары Жаңылхан Орашовпен бірге үш ұл, екі қызды тәрбиелеп өсірді. Жаңылхан апа бүгінде осы перзенттерінен тараған немере-шөберелеріне ақ батасын беріп отырған ақ жаулықты әжей. Бір сүйсінерлігі, Әшірбай ақсақалдың ұрпақтары да елдің дамуы жолында белді қызметтерді атқарып, Орашовтар әулетінің абыройын асқақтатып келеді. Әшірбай ақсақалдың үлкен ұлы Күмісбек ағамыздың естелігі.

«1962 жыл ел жадында ауыр сынақпен қалған кезеңнің бірі болды. Сол жылы алапат су тасқыны кезінде қол көшкіні жүріп, елді мекендердің барлығын су басқан. Әскер жұмылдырылып, халыққа көмек көрсетілді. Әкем сол қиын бұйырды жиі еске алатын. Өз саласы бойынша малды әскерилердің көлігіне тиіп, жоғары жақтан тікұшақ арқылы шөп тастатқызындарын айтып отыратын. «Аттың белінен келген суды кешіп жүрген кезіміз болды» дейтін.

Әкем мінезі қатал, өте талапшыл

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Қазақстанда туберкулезге қарсы күрестің оң нәтижесі бар деп айтуға болады. Нақты көрсеткіштерге сүйенетін болсақ, 2025 жылдың қорытындысы бойынша сырқаттанушылық 10%-ға, ал өлім-жітім 20%-ға төмендеген. Ал, Астанада бұл көрсеткіш 24,5%-ға дейін азайды. Балалар арасында өлім-жітім мүлде тіркелмегені белгілі болып отыр. Дегенмен, сарапшылар бұл жағдайды толық жеңіс емес, «тұрақтану кезеңі» деп бағалайды. Туберкулездің жаңа формалары, көші-қон әсерінен деген жорамал бұл дертпен күрестің өлі де өзекті екенін көрсетеді. Бұл тұрғыдағы ойымызды Астана қалалық көпсалалы фтизиопульмонология және ішкі аурулар орталығы директорының орынбасары Жеңісгүл Дауғаринамен болған сұхбат та дәлелдей түседі.



Жеңісгүл ДАУҒАРИНА, Астана қалалық көпсалалы фтизиопульмонология және ішкі аурулар орталығы директорының орынбасары.

«ТУБЕРКУЛЕЗ – КЕДЕЙЛЕР АУРУЫ» ДЕГЕН ТҮСІНІК ҚАТЕ»

– Жеңісгүл ханым, Қазақстан туберкулезді жеңуге жақындады деп айтуға бола ма? Егер солай болса, бұл медициналық қызмет сапасының жақсарғаны ма, әлде адамдардың өмір сапасының артқанының көрсеткіші ме?

– Әрине, 2025 жылғы көрсеткіштер расымен де оң динамиканы көрсетеді. Сырқаттанушылық шамамен 10%-ға, ал өлім-жітім 20%-ға төмендеді. Менің ойымша, бұл – жүйелі жүргізілген ұлттық бағдарламалардың нақты нәтижесі. Алайда мұны толық жеңіс деп айтуға әлі ерте. Туберкулез – тек медициналық емес, әлеуметтік және биологиялық факторларға тәуелді ауру. Сондықтан қазіргі кезеңді «тұрақтану кезеңі» деп атаған дұрыс. Ауруды толық жою үшін үш негізгі бағыттағы шаралар үздіксіз жүруі тиіс. Олар ерте диагностика, емге адалдық және аурудың алдын алу.

– Ал, Астанадағы туберкулезге шалдығушылық көрсеткішінің 24,5%-ға төмендеуі нені білдіреді?

– Бұл – кездейсоқ нәтиже емес. Елордадағы төмендеу бірнеше жүйелі факторлардың әсерінен қалыптасты. Олар медициналық инфрақұрылымның жоғары деңгейі, заманауи диагностикалық технологиялардың кеңінен қолданылуы, белсенді скрининг бағдарламалары және қаланың медициналық хаб ретіндегі рөлі. Астанада білікті мамандар мен жоғары технологиялық құрал-жабдықтар шоғырланған. Бұл ауруды ерте анықтауға және тиімді ем жүргізуге мүмкіндік береді.

– Туберкулездің таралуына мегаполистегі көші-қон мен халық тығыздығының ықпалы бар деп айта аламыз ба?

– Әрине, өйткені ішкі көші-қон – туберкулездің таралуына әсер ететін маңызды фактор. Астана сияқты ірі қалаларда халық тығыз орналасуда, адамдар арасындағы байланыста жиі. Сонымен қатар жаңа келген тұрғындардың барлығы бірдей профилактикалық тексеруден дер кезінде өтпейді. Бұл жаңа жағдайларды анықтауды кешіктіруі мүмкін. Сондықтан мегаполистерде скрининг, байланыста болған адамдарды анықтау және бақылау жұмыстары ерекше маңызға ие.

... Соңғы жылдары диагностикадағы, яғни сырқат белгілерін ерте анықтау ісінде үлкен серпіліс болды. Бұрын бактериологиялық зерттеулерге бірнеше апта қажет болатын. Қазір медицинаға енгізілген GeneXpert технологиясының арқасында туберкулезді және оның дәріге төзімді түрлерін анықтауға небәрі 2 сағат кетеді. Осының арқасында диагностика қойылған күні-ақ емдеуді бастауға мүмкіндік бар. Бұл инфекцияның таралуын тежейтін маңызды фактор.

– Қазіргі диагностика мүмкіндіктері қаншалықты дамыған?

– Соңғы жылдары диагностикадағы, яғни сырқат белгілерін ерте анықтау ісінде үлкен серпіліс болды. Бұрын бактериологиялық зерттеулерге бірнеше апта қажет болатын. Қазір медицинаға енгізілген GeneXpert технологиясының арқасында туберкулезді және оның дәріге төзімді түрлерін анықтауға небәрі 2 сағат кетеді. Осының арқасында диагноз қойылған күні-ақ емдеуді бастауға мүмкіндік бар. Бұл инфекцияның таралуын тежейтін маңызды фактор.

– Емдеу тәсілдерінде тағы да қандай жаңалықтар бар?

– Қазақстанда инъекциясыз қысқа мерзімді емдеу режимдері енгізілді. Бұрын емдеу 1,5-2 жылға дейін созылса, қазір ол 6-9 айға дейін қысқарды. Бұл пациенттер үшін өте маңызды өзгеріс. Осының арқасында дерттің жанама әсерлері азайды, ауырыну жоқ (инъекция қолданылмайды), емдеу шарасы психологиялық тұрғыдан жеңіл өтеді. Соның нәтижесінде емді тастап кету деңгейі айтарлықтай төмендеп, емнің аяқталу көрсеткіші артты.

– Цифрландыру бұл салаға қалай әсер етті?

– Қазіргі таңда пациенттердің шамамен 40%-ы емді бейнебақылау (VOT – video observed therapy) арқылы қабылдайды. Бұл тәсіл дәрігер мен пациент арасындағы сенімді нығайтып, емнің тұрақты қабылдануын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар уақыт пен жол шығындарын азайтып отыр. Бұл жұмыс істейтін адамдар үшін өте тиімді формат.

– Осал топтардың бірі – балалар арасында туберкулезге шал-

дығушылық пен оның салдары қандай деңгейде? Бұл тұрғыда алдын алу мен емдеу ісіндегі жаңа технологиялардың тиімді әсері бар ма?

– 2025 жылы Қазақстанда балалар арасында туберкулезден бірде-бір өлім жағдайы тіркелген жоқ. Бұл – өте маңызды көрсеткіш. Мұндай нәтижеге бірнеше фактор әсер етті. Атап айтатын болсақ, олар: міндетті БЦЖ вакцинациясы, мектептердегі профилактикалық тексерулер, педиатриялық қызметтің тиімді жұмысы. Яғни, бұл – кешенді профилактиканың нақты нәтижесі.

– Латентті инфекция, яғни ағзада белгісі байқалмайтын ауруға қарсы ем туралы қоғамда күмән бар. Дәрігерлердің ұсынымдарына сенімсіздік туындайды. Бұл қаншалықты негізді?

– Бұл – негізсіз алаңдаушылық. Қазіргі таңда науқаспен байланыста болған адамдарға 1-3 айлық қысқа профилактикалық емдеу курстары қолданылады. Ол халықаралық стандартқа сәйкес келеді және қауіпсіз. Өйткені, препараттар тексерілген және дәрігер бақылауымен беріледі. Мұндай шара болашақта пайда болатын аурудың белсенді түрінің алдын алады. Яғни, аурудың көрінбейтін белгілерімен күресу – аурудың таралуын тоқтатуға маңызды шара.

– Туберкулез тек «кедейлердің ауруы» деген пікір қаншалықты шындыққа жанасады?

– Бұл – қоғамдағы ең қауіпті мифтердің бірі. Туберкулез кез келген адамға жұғады, себебі ол ауа арқылы таралады. Астанада тіркелген науқастардың шамамен 67%-ы экономикалық белсенді жастағы адамдар. Бұл жерде кеңселер мен қоғамдық көліктер – жұқтыру қауіпі жоғары орындар. Ал, стресс, ұйқының жетіспеуі, дұрыс тамақтанбау иммунитетті әлсірететінін көрсетеді. Сондықтан күнұзақ кеңселерде, кейде кестеден тыс жұмыс істейтін «ақ жағалылар» да қауіптен тыс

АЙМАҚ АҚПАРАТ

Ішкі туризмнің әлеуеті күшті

Абай облысында өңір басшысы Берік Уәлидің төрағалығымен Алакөл жағалауын дамыту және 2026 жылдың жазғы маусымына дайындық бойынша арнайы жиын өтті.

Алакөл жағалауында маңызды жобалардың орындалу барысы және биыл жүзеге асыруға қажетті іс-шаралар жөнінде туризм басқармасының басшысы Бекжан Бапышев, Мақаншы ауданының әкімі Дәурен Қойгелдин, Цифрлық технологиялар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қаламқас Жұмағалиқызы баяндады.

Жиында 2026–2028 жылдарға арналған Алакөл көлінің жағалауында туризмді дамыту жол картасы бекітілді. Құжат өңірдің туристік әлеуетін арттыруға және жағалаудағы инфрақұрылымды кешенді дамытуға бағытталған. Жоспарға сәйкес Алакөл жағалауын дамыту үшін бас жоспар әзірленіп, инженерлік инфрақұрылым жаңартылады. Электр желілері тартылып, су және кәріз жүйелері салынады. Тазарту қондырғылары орнатылып, жағалау нығайтылады. Сонымен қатар санитарлық тораптар қойылып, жарық тартылады.

Биыл көл жағалауына жасанды интеллектпен интеграцияланған 115 бейнекамера орнатылады. Оның 22-сі жағалау сызығында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қойылады. Сондай-ақ, барлық нысандар жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылып, талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылады.

Сонымен қатар жолдар жөнделіп, қоғамдық көлік қозғалысы ұйымдастырылады. Туризмді дамыту аясында келу орталығын салу, инвесторлар тарту және мәдени-туристік іс-шаралар өткізу көзделген.

Аймақ басшысы жиында шомылу маусымына небары екі ай қалғанын атап өтіп, тиісті басқарма мен Мақаншы ауданының әкіміне инфрақұрылымды дамыту, қауіпсіздік пен тазалықты қамтамасыз ету, қызмет көрсету сапасын арттыру жұмыстарын нақты жоспармен жедел іске асыруды тапсырды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Көркемдік кеңес театр өнерінің дамуына серпін береді

Халықаралық театр күніне орай Абай облысында театр өнерін дамыту мақсатында құрылған жоғары көркемдік кеңестің алғашқы отырысы өтті.

Жиында кеңестің құрамы бекітіліп, Қазақстанның Халық әртісі, профессор Тұңғышбай Жаманқұлов, Қазақстанның мәдениет қайраткері Отантай Кәрібжанұлы, жазушы Аскар Алпысбай, ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Дариға Тұранқұлова, Бекжан Тұрыс, еліміздегі жетекші театрлардың артистері Гүлмира Жақилина, Әсет Иманғалиев, режиссер Ерлан Кәрібаев, драматург Әлішер Рахат кеңес мүшелері болды.

Кеңес мүшелерінің ұсынысымен, облыс әкімі Берік Уәли жоғары көркемдік кеңестің төрағасы болып сайланды.

«Бүгін Абай облысында алғаш рет өтіп отырған жоғары көркемдік кеңестің отырысы – өңіріміздегі мәдени-рухани саладағы маңызды қадамдардың бірі. Өйткені, мұндай көркемдік кеңестер еліміздің басқа өңірлерінде жоқтың қасы. Абай облысы әкімінің жанынан құрылған жоғары көркемдік кеңестің негізгі мақсаты – театр өнерінің дамуына серпін беру, шығармашылық үдерістердің сапасын арттыру, өңірдегі мәдени саясатты жүйелі түрде жетілдіру. Бүгінгі алқалы жиынға қазақ өнерінің көрнекті өкілдері – Қазақстанның Халық әртісі, сахна саңлағы Тұңғышбай Жаманқұлов, белгілі өнер майталмандары Дариға Тұранқұлова мен Бекжан Тұрыс қатысып отыр. Сіздердің қатысуларыңыз кеңес жұмысының маңызын арттырып, қабылданатын шешімдердің салмағын күшейте түсетініне сеніміміз мол», – деді аймақ басшысы.

Алғашқы отырыста Тұңғышбай Жаманқұлов, Отантай Кәрібжанов, Дариға Тұранқұлова, Бекжан Тұрыс сөз сөйлеп, театр өнерінің қазіргі ахуалы, шығармашылық бағытты жетілдіру және саланың өзекті мәселелері бойынша пікір білдірді. Облыста Абай халықаралық театр фестивалін өткізу, облыс жастарын театр мамандығына оқыту үшін грант бөлу туралы ұсыныстар айтылды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Білім саласындағы өзекті мәселелер сараланды

Облыс аппаратында өткен жиында білім басқармасының қызметі, саладағы мәселелер мен білім берудегі түйткілді тұстар талқыға түсті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша білім басқармасының басшысы Бауыржан Ердембеков баяндады.

Білім басқармасының мәліметінше, өңірде 161 мыңнан астам баланы қамтитын 574 білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның ішінде 371 мектепке дейінгі ұйым, 313 мектеп, 32 колледж, 25 арнайы және 27 қосымша білім беру мекемесі бар.

Мектепке дейінгі білім беру саласында 27 мыңнан астам бала қамтылған. Балабақшалар бейнебақылаумен толық жабдықталған. Дегенмен, кезекте 3 900 бала тұр. Бұл бағытта жекеменшік секторды тарту арқылы мәселені кезек-кезеңімен шешу көзделуде. Аймақ басшысы облыстың білім саласындағы оң нәтижелерді атап өтіп, шешімін қажет ететін өзекті мәселелерге назар аударып, басқармаға бұл бағыттағы жұмысты жандандыру қажеттігін айтты.

«Білім саласы – өңірдің ұзақ мерзімді дамуының негізі. Сондықтан біз тек көрсеткіштерге ғана емес, білім сапасына, педагог кадрлардың деңгейіне, инфрақұрылымның жағдайына және оқушылардың нақты нәтижелеріне баса мән беріміз қажет. Бұл бағытта жүйелі әрі нақты нәтижеге бағытталған жұмыс күтетіміз», – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі білім басқармасы мен әкімдіктерге мектепке дейінгі орын тапшылығын азайтуды, білім сапасын көтеруді, цифрландыру тиімділігін бағалау, инклюзивті білім беруді толық қамту және инфрақұрылымды жаңарту бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ, түлектердің жұмысқа орналасуын арттыру, аграрлық мамандықтардың тартымдылығын көтеру және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кешенді шаралар қабылдау жүктелді.

Е.КЕБЕКБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ




А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

СОТ ІС ҚАРАДЫ

ЖЕР ИЕСІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Азамат М.Пратовтың меншігінде Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылдық округі, Қарасу ауылында жер учаскесі болған. Жердің нысаналы мақсаты «бассейн, туризм базасы демалыс орны мен балалар спорт алаңшасының құрылысын жүргізу үшін» деп көрсетілген.



Алайда аталған жер учаскесінде «Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Автомобиль жолдары бөлімі) Манкент-Ақбастау ауылдарын жалғайтын көпір мен оның бетон тіректерінің құрылысын жүргізген. Жерді бетондап, бетонды блоктар орнатып, тас төсеп, тегістеп тастаған.

Осыған орай М.Пратов Автомобиль жолдары бөліміне өзінің жер учаскесін пайдалана алмай отырғанын, соған байланысты өзіне өтемақы төлеуді немесе жерін босатып беруді сұрап арыз жолдаған. Соған қарамастан аудан әкімі тарапынан және Автомобиль жолдары бөлімі тарапынан 2024–2025 жылдары М.Пратовқа хабарланбай жер учаскесіне көпір құрылысы жобасы жасалып, құрылыс жүргізілген. М.Пратовтың

өтініші қаралмай, бұзылған құқықтары қалпына келтірілмеген.

Осыған орай М.Пратов 2025 жылдың желтоқсан айында Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына талап қою арызымен жүгінді. Осы арызында талапкер жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару әрекетін жасауға жауапкерлерді міндеттеуді сұраған.

Сотта істі қарау барысында талап қоюшы М.Пратовқа тиесілі Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылдық округі, 057-ші есептік кварталда орналасқан алаңы 0,0868 га жер учаскесі бөлігіне салынған көпірдің бетон тіректері мен плиталары, темір қоршаулар, асфальт және жаяу жүруге арналған жолдың төселгені анықталды.

Салынған көпірдің жалпы ұзындығы 96 шаршы метр.

«Мемлекеттік мүлік туралы» заңның 18-бабы 20) тармағына сәйкес, аудандардың атқарушы органдары жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесіне қатысты мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы қаулы қабылдайды.

Заңның 63-бабының 1-тармағына сәйкес, Жер кодексінің 84-бабында көзделген айрықша жағдайларда және тәртіппен жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы қабылданады.

Жер кодексінің 84-бабында жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін айрықша жағдайларда, меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен мүліктің тең құны өтелген кезде не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы мүмкін деп көрсетілген. Көпірдің құрылысы осы Жер кодексінде көрсетілген айрықша жағдайларға жатады.

Сот заңның және Жер кодексінің талаптарын басшылыққа алып, аудан әкімдігі мен уәкілетті бөлімдердің көпірдің пайдалану аумағына кіретін М.Пратовқа тиесілі жер учаскесінің бөлігін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару әрекетін жасамаған әрекетсіздіктерін заңсыз деп таныған.

Соттың белсенді рөлі әрекетімен істі сотта қарау барысында аудан әкімі тарапынан жеке кәсіпкер М.Пратовқа тиесілі жалпы жер телімінің 0,0868 гектарынан мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару бойынша Сайрам ауданы әкімдігінің қаулысы қабылданған.

Осылайша талап қоюшы құқығы толық қорғалып, қалпына келтірілген.

М.ШАРИПОВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

ЭКОНОМИКА

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚУАТЫ ЖОҒАРЫ

Ақмола облысында 3 индустриялық аймақ бар. Оның Біріншісі – Көкшетаудағы Kokshe Industry индустриялық аймағы, екіншісі – Целиноград ауданындағы көлік-логистикалық аймақ, үшіншісі – құрылысы бытыр ғана басталған республикалық маңызы бар Ақмола индустриялық аймағы.

Арнайы экономикалық аймақтармен салыстырғанда Индустриалдық аймақтардың салықтық жеңілдіктері аз болғанымен, жер мен инфрақұрылым қолжетімді. Сондықтан оның саны Арнайы экономикалық аймақтардан 2 есе көп және бұл үрдіс енді жыл сайын өспесе, кемімейді. Сол себепті жақында Ақмола облысына іс-сапармен барған кезде Премьер-Министр Олжас Бектенов ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау және құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі жобаларға арналған Kokshe Industry индустриялық аймағының дамуымен танысып, ондағы өндіріс нысандарын аралаған болатын. Олардың қатарында «ММ Brick» ЖШС-нің кірпіш зауыты, «Содружество Казахстан» ЖШС-нің майлы дақылдарды қайта өңдеу кешені, «Кедентранссервис» АҚ-ның Қазақстан-Қытай құрғақ портын (логистикалық терминал) салу жобасы және тағы басқалар болды.

Қала әкімі Әнуар Күмпекевтің сөзіне қарағанда, ауданы 600 гектарды құрайтын бұл индустриялық аймақта

2026–2027 жылдары іске қосылуы жоспарланған 22,7 млрд теңгені жобасы жүзеге асырылуда. Онда 670 адам жұмыспен қамтылған. Бытыр онда құны 18,7 млрд теңгені құрайтын алғашқы жобалар жүзеге асырыла бастаған болатын. Біріншісі, биыл іске қосылатын құны 14 млрд теңгеден асатын кірпіш зауыты. Жылына 60 млн дана кірпіш өндіруге қауқарлы өндіріс орнында бұдан бөлек черепица мен күйдірілген кірпіштен жасалатын өзге де құрылыс материалы шығарылмақ. Ал зауыт толық іске қосылғанда 170 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етілмек.

Екіншісі, «Қазақстан агроинновациялық корпорациясы» ЖШС-нің ауыл шаруашылығы мен коммунальдық техника шығаратын кәсіпорны. Бұл өндіріс орны бытыр 65 млрд теңгеге 4 мыңнан астам техника өндірі. 400-ге жуық адам жұмыс істейтін кәсіпорын енді өндірістік қуатын жылына 6 мың бірлікке жеткізуді жоспарлауда.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»



ҚАҒИДА

КӘСІБИ ӘДЕПТЕН АТТАМАУ ПАРЫЗ

Сот жүйесі – қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз ететін ең маңызды институттың бірі. Сондықтан сот саласында жұмыс істейтін судьялар, сот қызметкерлері жоғары кәсіби және моральдық талаптарды сақтауы тиіс. Осы талаптардың жиынтығы сот этикасы деп аталады.

Сот этикасы – кәсіби этиканың бір түрі. Ол сот қызметкерлерінің мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын және қызмет барысында ұстанатын адамгершілік қағидаларын анықтайды. Сот жүйесінде жұмыс істейтін тұлғалар әділдік, адалдық, бейтараптық және заңдылық қағидаларын сақтауы қажет. Өйткені олардың қабылдаған шешімдері азаматтардың тағдырына тікелей әсер етеді.

Сот этикасының негізгі қағидаларының бірі – бейтараптық. Судья ешбір тарапқа артықшылық бермеуі тиіс. Сонымен қатар, шешім қабылдау кезінде тек заңға және нақты дәлелдерге сүйенуі керек. Бұл сот билігінің әділдігін қамтамасыз етеді.

Тағы бір маңызды қағида – адалдық пен жауапкершілік. Сот қызметкерлері жалған ақпарат бермеуі, қызметтік жағдайын жеке мүддесіне пайдаланбауы және кәсіби құпияны сақтауы қажет. Егер бұл талаптар бұзылса, қоғамның сот жүйесіне деген сенімі төмендейді. Сонымен қатар, сот саласында әдептілік пен құрмет те маңызды орын алады. Судьялар мен сот қызметкерлері сот процесіне қатысушыларға құрметпен қарап, олардың құқығы мен бостандығын сақтауға міндетті. Бұл сот процесінің ашық әрі әділ өтуіне ықпал етеді.

Сот этикасы – құқықтық мемлекеттің маңызды негізінің бірі. Ол сот қызметкерлерінің кәсіби қызметін реттеп қана қоймай, қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтады.

Д.КОШЖАНОВА,
Ұлытау облысы кәметелге толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

ПӘРМЕН

Жамбыл облыстық полиция департаменті Көші-қон қызметінің есебі бойынша, өңірде 6549 шетелдік тұрақты тұрып жатыр. Оның 6359-і ТМД елдерінің, 190-ы алыс шетел азаматы болса, үшеуі азаматтығы жоқ тұлға.

КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТІНДЕ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

Басқарма бастығының міндетін атқарушы Арай Айымбектің сөзіне қарағанда, биыл 20 наурызға дейін бұл өңірге ТМД елдерінен 5969 азамат келген. Шетелдіктердің саны бытырғы сәйкес кезеңде 5667 адамды құраған еді. Олардың 5320-сы жұмыс істеу үшін, 157-сі тұрақты тұруға, 18-і оқуға, 441-і отбасымен қайта қосылуға, 33-і өзге мақсатпен келген. Есепті кезеңде шетел азаматтарының 940-ы көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 269-ы Қазақстан аумағынан шығарылды. Бытырғы сәйкес кезеңде 1048 адам жауапкершілікке тартылып, 267 адам елден шығарылған болатын.

«Заң бұзатындардың басым бөлігі Өзбекстан (325 адам) және Қырғызстан (174 адам) азаматы. Алыс шетел азаматтары арасында Қытай, Үндістан, Түркіменстан және Бангладеш елдерінің азаматтары жиі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Шетел азаматтарын қабылдаушы жеке және заңды тұлғалар тарапынан да түрлі заң бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 518-

бабы «Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын жеке немесе заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының халықтық көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы» бойынша Қазақстанның 189 азаматы жауапкершілікке тартылды. Ал заңсыз еңбек көші-қонның ұйымдастырғаны үшін 43 азамат әкімшілік жауапқа тартылды», – дейді Жамбыл облыстық Көші-қон басқармасы бастығының міндетін атқарушы А.Айымбек.

Арай Данабекқызының айтуынша, 3 айда өңірде иммиграциялық заңнаманы бұзу фактісі бойынша 4 қылмыстық іс қозғалды. Сондай-ақ есепті кезеңде 251 шетелдік тұрақты тұруға рұқсат берілді; 3 адам азаматтығы жоқ тұлға куәлігін алды; 16 адам Қазақстан Республикасының азаматы болып танылды; 278 адам жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алды. Азаматтық алғандардың негізгі бөлігі Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан елдерінен келген азаматтар.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СЕРВИС

«eGov mobile» қосымшасында сан алуан мемлекеттік қызмет түрі бар

«Сот кабинеті» сот органының электрондық сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезе. «Электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алған азаматтар «egov» порталы арқылы «Сот кабинетіне» кіріп, жергілікті соттардың ғимаратына барып кезек күтіп уақытын өткізбей, өзіне қажетті өтініштерді жіберіп, қызметке жылдам қолжеткізеді. Сервистегі талаптар мен арыздарға «eGov mobile» қосымшасы көмегімен қол қоюға болады.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы мемлекеттік қызметтерді алу үдерісі әлдеқайда жеңіл және жылдам өтуі үшін мобильдік қосымшаның функционалы мен мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жұмыс жасауда. Соның арқасында енді «Сот кабинетінде» құжаттарға eGov QR көмегімен үйден шықпай-ақ уақыт үнемдеп, қол қоюға болады. Бұндай жаңалық мемлекеттік қызметтерді алу тарихында әлі болған емес.

Қосымшаның жаңа нұсқасы iOS жүйесінің пайдаланушылары үшін App Store платформасында, сондай-ақ Android жүйесінің пайдаланушыларына Play Market және App Gallery қолжетімді. Қазіргі уақытта «eGov mobile» мобильдік қосымшасында сан алуан мемлекеттік қызметтің түрі бар. Қосымшадағы бірнеше үлкен бөлім арқылы қажетті құжатты немесе қызметті оңай табуға болады.

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына түсетін өтініштердің басым бөлігі осы жоғарыда аталып өтілген электронды «Сот кабинеті» арқылы түсуде және сәйкесінше қаралатын істердің басым

көпшілігі тараптардың және басқа да сот отырысына қатысушылардың келісімі бойынша электронды онлайн форматта өткізіліп жүзеге асырылуда.

Досым ОРЫНБАЕВ,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Жаңа технологиялар дамыған кезеңде алаяқтық та асқынды. Қазіргі таңда сот практикасында бөтеннің мүлкіне алдап арбау, сенімге қиянат жасау арқылы иеленіп кететін алаяқтық бойынша қозғалатын істер көп. Олардың ішінде, вишинг (әлеуметтік инженерия элементтері бар алаяқтықтың бұл түрі телефон арқылы азаматтардың жеке мәліметтерін ұрлауға бағытталған); фишинг (пайдаланушыны алдауға және оны өзі және оның картасы туралы құпия ақпаратты ашуға мәжбүрлеуге мүмкіндік беретін әдістер жиынтығы) санатындағы алаяқтық жиі тіркеледі.

Бұл теріс қылыққа дәні-гушілер – азаматтардың жеке және төлем деректерін иемдену, олардың банктік шоттары мен ақшасына қол жеткізуге ұмтылады. Құқық қорғау саласы қазір осы белең алған дертпен күш біріктіре отырып ауқымды күрестер жүргізуде, қылмыстың алдын алу, алаяқтың құрбаны болмау жолдарын үйрететін бағдарламалар мен нұсқаулықтар даярлаған. Қоғамдық ортамен арнайы кездесулер, профилатикалық жұмыстар жүргізеді.

Сот практикасы қарапайым халықтың әлі күнге дейін телефон алаяқтарына алданатынын көрсетіп отыр. Олардың негізгі жабірленушінің ұялы телефонына қоңырау шалып, өздерін банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының қызметкерлеріміз деп көрсететін сөзсөз әлі де өтімді. Қоңырау шалатын алаяқтар қазақстандық қаржы институттарының абоненттік нөмірлерінің көшірмесін жасауға мүмкіндік беретін SIP телефония



сыяқты бағдарламалық құралды пайдаланады. Әңгімелесу кезінде олар сіздің картаңыздан ақшаны шығару әрекеті туралы хабарлайды және сізден жеке кабинетіңіздегі құпия сөзді өзгертуді, жаңа пароль мен SMS кодын ұсынуды сұрайды. Алаяқтар тіпті мәселені жылдам шешу үшін гаджетіңізге қашықтан қосылу үшін өз қызметтерін ұсына алады. Мұны істеу үшін олар AnyDesk және TeamViewer

қолданбаларын жүктеп алуды сұрайды. Есептік жазбаларыңызға қол жеткізген алаяқтар барлық ақшаны алып, тіпті сіздің атыңызға несие де рәсімдей алады. Өкінішке қарай, осы тәсілге қатысты құзырлы органдар халыққа қаншама хабарлама берсе де, сактандыру жолдарын ұсынса да алданушылар азай-

майды. Жәбірленушілер егерде осы ретте бірден құқық қорғау орындарына қоңырау шалса алаяқтықтың жоңы кесілер еді. Заманауи технологиялардың дамығаны соншалықты қазір алаяқтар осылардың көмегімен әңгімелесушілермен белгілі бір сценарийлер немесе аудио жазбалар бойынша «байланысатын» дауыстық роботтарды пайдалана бастады. Алаяқ боттар, мысалы, полиция бөлімінің атынан

қоңырау шалып, белгілі бір айыпшұлддың бар-жоғын хабарлап, қосымша ақпарат алу үшін «1» деп басуыңызды сұрай алады. Содан кейін басқа дауыстық «асистент» қосылып, олар ашықсы келетін ақпарат өте құпия екенін ескертеді және олардың жеке басын растау үшін олар сіздің төлем ақпаратыңыз туралы сұрақтарды қамтуы мүмкін бірқатар сұрақтарға жауап беруі керек. Дауыстық роботтарды тарту кезінде алаяқтар нені пайдаланса да, олар сізден маңызды құпия ақпаратты білуге тырысады. Міне осы тәсіл кез келген сауатты адамның күдігін туғызуы керек. Негізінен маман дауыстық роботтарды ажырату тым қиын емес екенін айтады. Сондықтан қарапайым халыққа роботтарды байқаған сәтте қоңырауды аяқтап, бірден блокқа қоюды тапсырады. Одан кейінгі әрекет әрине полицияға хабарлау.

Алаяқтық жеке адамның ғана мүлкіне зиян келтірмейді, ол сонымен қатар бүкіл қоғамға қатер төндіреді. Алаяқтық арқылы экономикалық жүйеге нұқсан келеді, қаншама кіріс шығыс, жеке мүлік саласы тоқырайды. Бұл дерт сондықтан бүкіл қоғам тарапынан айыпталып, алаяқтыққа тұсау салынуы қажет. Салауатты қоғам адал еңбекке, әділетке негізделгенде ғана қалыптасады.

**Айнұр ІЗІМБЕРГЕН,
Маңғыстау облысының
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық сотының
сот әкімшісі басшысы**

БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН

Қазіргі таңда әрбір жас өз болашағын ойлап, қандай мамандық иесі болатынын анықтауға тырысады. Бұл – өте жауапты кезең. Мен де 10-сынып оқушысы ретінде болашақта кім болғым келетінін ойлап, нақты шешімге келдім. Менің арманым – заңгер болу. Заңгер мамандығын таңдауымның басты себебі – әділдікке деген көзқарасым.

ӘДІЛДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ТАҢДАУ: БОЛАШАҚ ЗАҢҒЕРДІҢ АРМАНЫ

Қоғамда әртүрлі жағдайлар орын алып жатады: кей адамдар өз құқықтарын білмегендіктен немесе қорғай алмағандықтан қиындықтарға тап болады. Осындай сәттерде оларға көмектесетін, заңды дұрыс түсіндіріп, қорғап шығатын мамандардың маңызы өте зор. Мен дәл сондай маман болғым келеді. Бала кезімнен бастап адамдар арасындағы даулар, құқықтық мәселелер мені қызықтыратын. Кейде жаналықтардан немесе айналмадағы жағдайлардан әділетсіздікті көргенде, ішімде «осыны өзгертуге болмай ма?» деген ой туындайтын. Сол себепті заң саласына деген қызығушылығым уақыт өте келе арманға айналды.

Заңгер болу – тек заңдарды жаттап алу емес. Бұл – үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін мамандық. Нағыз заңгер әрқашан шындықты жағында болып, әділ шешім қабылдай білуі керек. Сонымен қатар, ол адамдармен дұрыс сөйлесе алатын, сабырлы, білімді және жан-жақты дамыған тұлға болуы тиіс. Қазіргі таңда мен осы мақсатқа жету үшін өзімді дайындап жүрмін. Сабақтарыма жауапкершілікпен қарап, әсіресе тарих, құқық негіздері пәндеріне ерекше көңіл бөлемін. Сонымен қатар, қосымша кітаптар оқып, өз ойымды дамытуға тырысамын. Себебі заңгер болу үшін тек мектеп бағдарламасымен шектелу жеткіліксіз екенін жақсы түсінемін. Болашақта білікті заңгер атанып, адамдардың құқықтарын қорғап, қоғамдағы әділдікті нығайтуға өз үлесімді қосқым келеді. Бұл жолдың оңай болмайтынын білемін. Дегенмен, өз арманымға жету үшін еңбек етіп, алға ұмтылуға дайынмын. Әр адам өз жолын өзі таңдайды. Менің таңдауым – заң саласы. Себебі әділдік әрқашан маңызды, ал оны қорғау – үлкен жауапкершілік.

**Шұғыла АЙДАРБЕКҚЫЗЫ
10 сынып оқушысы**

ҚОРҒАНЫС

Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде қарулы күштер қатарында азаматтық парызын өтеуші жастардың бойына үрей салатын түрлі жазбалар көбейді. Олардың арасында киноқойылымдардағы үзінділер де, Қазақстанға мүдде қатысы жоқ бейнематериалдар да жеткілікті.

Өкінішке қарай, оны елеп-екшеп, істің ақ-қарасын ажыратпай әлеуметтік желілерде бөлісіп,

астына түрлі жазбалар қалдырушылар өзінің бұл әрекетінің теріс әсері көп екенін аңғармайды. Бұл әсіресе, әлемдегі геосаяси ахуал ушығып тұрған кезде өте өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан Қорғаныс министрлігінде әскери бөлімдер мен құрамалардың командирлері үшін қазіргі жас ұрпақпен жұмыс істеудің ерекшеліктеріне арналған арнайы оқу-әдістемелік сабақ ұйымдастырылды. Онда «Қазіргі жас жігіт кім?» тақырыбында

Maqsut Narikbayev University жоғары гуманитарлық мектебінің «Психология» білім беру бағдарламасының оқытушысы психоаналитик Анна Поздеева дәріс өткізді.

«Қазіргі жастар бұрынғыдай емес» деген сөзді жиі естиміз. Алайда командирдің міндеті – жаңа ұрпақты сынау емес, оны түсіне білу. Егер отыз жыл бұрынғы басқару әдістерін қолданатын болсақ, жасырын қактығыс пен қызмет тиімділігінің

төмендеуіне тап болуымыз мүмкін. Әр ұрпақ өз ортасының ықпалымен қалыптасады, ал қазіргі жастар – сандық дәуірдің өнімі, – дейді Анна Поздеева. Алдағы уақытта бұл дәрістің материалы негізінде әдістемелік нұсқаулар дайындалып, олар әскери бөлімшелерге күнделікті тәжірибеде қолдану үшін жіберілетін болады.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «SAB Market» ЖШС (БСН 250240011479) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050007, Медеу ауданы, Коперник көшесі, 124-үй, тел. +7 701 227 47 59.

4. «Қалқан» офисінің Клиенттеріне! «Авто Ломбард «Алматы-Кредит» ЖШС (БСН 150240012971) Алматы қаласы, Талжанова көшесі, 40-үй мекенжайында орналасқан «Авто Ломбард «Алматы-Кредит» ЖШС филиалы 01.04.2026 ж. бастап жабылғанын хабарлаймыз. Барлық сұрақтар бойынша Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 548/7 үй, офис «AUTOCASH» мекенжайы бойынша хабарласуға болады. Тел. 68 00, 87710000021.

5. «СК ПетроРесурс» ЖШС (БСН 171140012568) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, СҚО, Петропавл қаласы, Қожаберген жырау атындағы көше, 34-құрылыс.

6. «САПАРГАЛИЕВ ЖАНДАРБЕК КУДАЙБЕРГЕНОВИЧ» ЖШС (БСН 250240007490) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Садовников көшесі, 75-үй.

8. «Eaglevision» ЖШС (БСН 240640013438) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Шұғыла шағынауданы, Дархан көшесі, 93-үй, тел. 87056496516.

9. «Beauty box» («Бьюти бокс») ЖШС (БСН 110740017557) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Евгений Брусиловский көшесі, 24/1 үй, 210-кабинет, тел. +77015278319.

10. «Равон Моторс Казахстан» ЖШС (БСН 170240011590) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Ташенов көшесі, 51, НП-11, тел. +7 701 547 8225, +7 7252 53 62 50.

МҰРАГЕРЛІК

3. 2026 ж. 1 ақпанда қайтыс болған Мамбетиязова Батима Саргенжиевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Д.С. Лепесовке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, 20А. Тел. 8 747 830 22 86.

ӘРТҮРЛІ

7. «Астана даму орталығы» ЖШС (БСН 150340009925) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласы, А. Мәмбетова 24 көшесі, мекенжай бойынша қабылданады. Тел. 8 (7172) 570086 (ішкі 163).

11. Компания атауының өзгеріні туралы хабарлаймыз. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2026 жылғы 12 наурыздағы №1 хаттамасына сәйкес, «КСЖ «КОММЕРС-ӨМІР» АҚ атауы «КСЖ «Centras Life» АҚ болып өзгертілді. 2026 жылғы 17 наурызда Компания мемлекеттік қайта тіркелуден өтті. Атаудың өзгеруі Компания қызметіне әсер етпейді. Қолданыстағы сактандыру шарттары бойынша Компанияның барлық құқықтары мен міндеттері толық көлемде сақталады. Ғытмақтастық және сактандыру талаптары өзгертілмей қалады. Компанияның барлық мүлкі, активтері, сондай-ақ ағымдағы және болашақ міндеттемелері бұрынғы тәртіппен сақталып, орындалады.

12. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушылар мен өзге мүдделі тұлғалардың алдында бекітілген тарифтік смета мен бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы 2025 жылға арналған жыл сайынғы есеп бойынша жария тыңдалымдарды өткізу уақытының өзгеретіні туралы хабарлайды. Тыңдалымның өтетін күні мен орны: 2026 жылы 10 сәуір сағат 10:00. Жария тыңдалулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша өткізіледі. Жария тыңдалуларды өткізу форматы туралы қосымша ақпарат Кәсіпорының www.alts.kz сайтында орналастырылады.

**ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:**
Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:**
«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28, 221, 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен сәндә)

– Ой, саған не болған, естімеген сөзімді естідім ғой.
– Себебі, сен маған мықтап көмектестің.

Демек, невропатологтің жанында көлеңкесіндей болып көлбеңдеп жүретін біреу бар. Науқас соны болжап отыр. Ол кабинетіне келісімен жедел топтың жетекшісін шақырды.

- Жолдас, не жаңалық?
– Полковник мырза, өкінішке қарай, әзірге өзгеріс жоқ.
– Онда мені тыңда. Сол невропатологтің жанында медбике немесе медбрат болды ма? Болса, ол кім?
– Бар. Н. деген жігіт.
– Жауап алдыңыздар ма?
– Алмадық. Күдікті ешнәрсе болмаған соң... Және ол жігіт қалада болмады. Қазір келген шығар. Табамыз.
– Жанындағылардың бәрінен жауап алуға тиісті емессіздер ме, жедел түрде жауап алыңыз. Анализдерін ДНК-ға тапсыртыңыз. Дактилоскопиялық тексеруден өткізіңіз. Немедленно!

Полковник көңіліне көп күдік ұялатқан науқасты көру үшін жүйкесі жұқарғандарды емдейтін ауруханаға барып, бас дәрігерімен сөйлесті де, С-ны шақырып беруін өтінді. Бас дәрігер жас жігіт екен. Мұндай мәртебелі қонақтың бас сұғуы ол үшін күтпеген жағдай болса керек, басын изеп, жүтіре жөнелді. Арада бес-он минут өткенде, жас шамасы қырықтың ішіндегі толықша сары жігітті қолынан ұстап, делектетіп ертіп келді. Соңша асықтырған болса керек, тәпшікесін теріс сұға салған. Кең қолтық пижамасы мен жейдесі де олпы-солпы. Шашы өсіп кеткен. Ұйқыдан жаңа оянғандай, жан-жағына беймарал қарайды екен. Оның бас-аяғына барлай қараған тергеуші баяу үнмен:

- Бері келіңіз, отырыңыз, – деді.
– Мен осында болсам бола ма? – деді бас дәрігер.
– Әрине, отыра беріңіз.
– Қашаннан бері ауырасыз?
– Көп болды.
– Емделдіңіз бе?
– Емделгенмін. Дәрігерімнен көз жазып қалдым. Ол мен жазылып болмаған соң, емдеуден бас тартты.
– Солай ма? Көлеңкесі де бас тартты ма?
– Оны қайдан білесіз? Менің түбіме жеткен сол сайкымазақ.
– Ол өзі адам ба, көлеңке ме?
– Білмеймін, әйтуір дәрігердің ізінен қалмайды. Жаман адам.
– Яғни, адам.
– Мен оны өлтіргім келді. Әйелім жібермеді.
– Қалай өлтіресің?
– Қылғандырып өлтірер едім.
– Сосын сені қамап тастайды ғой.
– Қамай берсін. Ол жауыз ғой. Мен оны көзінен білдім. Мені ылғи қорқытатын.
– Егер сол көлеңкені көрсен, танимысың?
– Қайдан... Ол бет-ауызын ақ дәкемен жауып алады. Мені мазақтағанда ғана бетін қисайтып, тілін көрсетеді.
– Қазір де соны ойлап жүрсің бе?
– Ылғи түсіме кіреді. Мен одан қорқам. Ол мені тапса өлтіреді. Дәрігерді де өлтіреді.
– Жарайды. Емделіңіз.
Бас дәрігерге алып кетіңіз деп ымдады.

Полковник жұмыс орнына оралғанда, көмекшісі сізді капитан жолдас сұранған деп хабарлады.
– Келсің.
Асығыс кірген капитан төпелете сөйледі.

– Полковник мырза, күдікті ұсталды. Ол – невропатологтің көмекшісі медбрат. Бар айғақ соны мензейді. Сіздің болжамыңыз дұрыс болды. Оны қалай білдіңіз? Таңғаларлық. Көріпкеліңіз бар ма? Психоналитик болдыңыз ғой.
– Жалпы, тергеуші психолог болуы керек.

– Сізден үйренетініміз көп қой. Күдіктіден жауап аласыз ба?
– Бүгін емес. Өзім айтамын.

Ұзақ жыл дәрігер болып еңбек еткен зейнеткердің кісі қолынан қаза табуы құқық қорғау органдарын бірталай әуреге салған. Оның ажалының көмекшісінің қолынан болуы да сирек кездесетін оқиға. Сол себептен де, полковник одан жауап алуды міндеті санады. Жас та болса адамшылығын жоғалтқан қанқұйлы қылмыскермен бетпе-бет келудің өзі сын. Мұндай сынаққа жас тергеушілер дайын болмауы мүмкін. Сондықтан жауап алу бөлмесіне капитан екеуі келді. Екеуі де бірталай сынақтан өткен. Сонда да адамды аяусыздықпен өлтірген қанышөздердің жүзін көру, одан жауап алу есте қалатын ауыр мезеттердің бірі.

Айдауылмен есіктен енген орта бойлы шымыр денелі жігіт бет-аузын көлеңгейлеп алған екен.
– Бет пердесін шешіңіз, – деді полковник қатқыл үнмен. Айдауыл шешті.
– Ал, сөйлеңіз, осы күйге қалай жеттіңіз? Ата-ананың бар ма?
– Бар, – деп мінгірледі жігіт мұрнының астынан.
– Сізді оқытты-тоқытты, бірақ осылай адам жаны түршігерлік қылмыс жасауға үйретпеген болар.

- Олар кінәлі емес.
– Кінәлі өзіңіз болдыңыз ғой.
– Солай.
– Сонда сіз өз істеген ісіңізге жауап бере алмайтын болдыңыз ғой? Бірдеңе шектіңіз бе, тартқыңыз ба?
– Білмеймін. Тіл табыса алмай, керісіп қалдық.

– Ол жасы үлкен кісі. Өкенеңдей болса керек. Қалай қол көтердіңіз?
– Ашу үстінде, қатты соққанымды байқамадым. Өліп қалады деп ойлаған жоқпын...
– Сосынғы қимыл... кинамау үшін.
– Жаны қиналаған уақытта аяған екенсіз ғой.
– Солай болды.
– Неге ашуландыңыз?
– Ол кісі уәдесінде тұрмады.
– Уәдесінде тұрмады деп кісі өлтіре беруге бола ма?
– Кеш түсіндім... кешіріңіз...


Полковник алдындағы жігітке берілген дәрігердің анықтамасына көз жүгіртті. Ес-ақылы дұрыс.
– Ашуыңызды тежей алмасаңыз, қалай дәрігер болып жүрсіз?
– Мен дәрігер емеспін, медбратпын.
– Дәрігердің көмекшісі болып істедіңіз ғой, солай емес пе?
– Иә.
– Сонымен сіз дәрігер А-ны азаптап өлтіргеніңізді мойындайсыз ғой.
– Иә.
– Не себепті?
...Үнсіздік орнады.

– Себебін тергеушілерге айтқанмын.
– Сізден тергеу бөлімінің бастығы, полковник жауап алып отыр. Анықтап жауап беріңіз, – деді капитан ашулы үнмен.
– Себебі, уәдесінде тұрмады.
– Одан бұрын да сізге уәде бергендер болды ма?
– Жоқ.
– Өзімді ұстай алмай қалдым. Айыптымын.
– Сіз ашумен емес, нақты жоспармен қимылдап, ол кісінің банк картасын, ұялы телефондарын, ноутбугін алғансыз. Сонда сіз адам өмірін осындай ұсақ-түйек заттар үшін қия салдыңыз ба?
Үнсіздік.

– Кісі өлтіргеніңізді мойындап, полицияға неге келмедіңіз?
– Қорықтым.
– Адамды азаптап өлтіргенде қорықпайсыз, істеген қылмысыңызды мойындап, полицияға келуге қорқасыз. Адам өмірін қиғаныңыз үшін өмір бойы абақтыда отыруыңыз мүмкін. Соны ойламадыңыз ба? Өзіңіз жап-жас жігітсіз.
Жігіт басын тұқыртты. Сірә, жылап отыр.

Полковник капитанға қарап, алып кетіңіз деп ишара жасады. Күдіктінің шымыр денесіне қарап, спортпен айналысқанын байқады. «Адам өлтіру үшін бе, азғын» деп күбірледі.

Қала жұртшылығын дүрліктірген қылмыс ашылды деген хабар жеткен



КӨЛЕҢКЕ

бойы полковникті өзіне шақырған генерал көңілді қарсы алды.

– Абылай Әзімханұлы, рақмет, иығымыздан ауыр жүк түскендей болды. Біздің жұмыс осындай күн райы сияқтымыз. Қылмыс ашылмай тығырыққа тірелгенде, көңілімізді де бұлт басып, жауар бұлттай түнереміз. Қылмыс ашылған күні, бұлттан шыққан күндей жадыраймыз. Міне, бірнеше айдан бері басымызға үйірілген бұлтты сейілттіп, көңілімізді бір көтеріп тастадыңыз.
– Ұзағынан болсын деңіз, ұзағынан.
– Сіздердей Шерлок Холмстарымыз тұрғанда, бізге алынбайтын қамал жоқ қой. Отырыңыз.

–Ой, айтпаңыз, басында шатастық, жаза бастық. Ақыры ойламаған жерден ізге түстік. Жүйке ауруына шалдыққан науқастан жауап алып, соның нәтижесінде күдіктінің ізіне түстім. Сырқат дәрігерге емделуге барған сайын оның «көлеңкесімен» жау болып, оны өлтірем деп сандырақтайды. Соны естігенде, менің басыма «дәрігердің көлеңкесіндей боп қасында кім жүреді?» деген сауал сап етті. Міне осы болжам бізді тығырықтан алып шықты. Қылмыскердің кім екенін бірден түсіндік. Және үстінен түстік.

– Тамаша. Сіздің ойлау қабілетіңіз ерекше ғой.
– Логика ғой.

– Жалпы адамды танымайтын өзге біреу өлтірмейді. Оны жақсы білетін танысы немесе жақындарының бірі сәл нәрсеге жауласудан, сәл нәрсеге тіл табыса алмаудан өштесіп, соның аяғы өлімге соқтырады. Соған көзіміз жетті. Қылмыстың түрі де көбейді. Интеллектуалдық, қаржылық, техникалық, психологиялық деп бөле берсек шексіз-шетсіз. Осы қылмысты психологиялық десек те болғандай. Қайтыс болған дәрігердің пациенті қылмыстың ізіне түсетін ой салды. Жүйке ауруына шалдыққан кейбір адамның сезімталдығы, жамандықты сезіну түйсігі ерекше болатыны бұрыннан бар нәрсе. Себебі, олар бала сияқты кез келгеннен мейірімділік аңсап тұрады. Ал мейірімсіз адамдарды жетіңші түйсігімен бірден сезеді. Осындай сирек құбылыс С. деген жігіттің де бойынан табылды. Ол дәрігердің мейіргерінің қара ниетті, қаны бұзылған жан екенін сезініп, одан шошынған. Ол оған дәрігердің жанында көлбеңдеп жүрген көлеңкесіндей көрініп, үнемі онымен жауласады. Оны өлтірем дейді.

– Япырай, ә... Сіз мықты психолог болдыңыз ғой.
– Жалпы тергеушілерге психолог мамандығын менгеру артық болмас еді. Себебі, олар адам жанының қалтарыстарына үңіліп, соны зерттей білулері керек. Бұл жолы күтпеген жағдай бол-

ды. Тергеу тығырыққа тірелген сайын өзім де қиналдым. Бір мысал айтайын, кәдімгі ара бір кило бал жинау үшін 2 миллион гүлге қонады екен. Біздің де тірлігіміз сондай. Бармайтын жерімді, баспайтын тауымыз қалмайды. Қылмыс ашылмай аяғымызға да, басымызға да тыныштық болған емес.

– Сіздердің еңбектеріңізді елеусіз қалдырмаймыз. Әр қылмыстың осындай қыруар еңбекпен, ізденіспен ашылғанын түсіне қоймай, жанымызды алып жанықтыратындар бар. Біз бір қол қуырып қарап отыратындай дігірлеп, діңкемізді құртады.

– Түсінеміз, жолдас генерал, маған рұқсат етіңіз, жұмысыма барайын.

– Рұқсат, рұқсат, жігіттерге менің атымнан алғыс айтыңыз.

Полковник далаға шыққанда күздің жылжымық желі қойны-қонышын жәйлап, жапырақтары сиреп қалған қарағай мен қайыңдар қаздай тізіліп, көкке мойнын созып, мүлгіп тұрды. Осындай көңілді сәттеріндегі әдетімен саябақтағы жаяу жолға түсті. Шынында әр адамның бойында әлдебір қауіп-қатерді сезетін айрықша түйсігі болса, ол кездейсоқтыққа ұрынбас еді-ау. Алайда, сондай қауіп-қатерді сезетін қасиет баршаға бұйырған. Өзі де бір кез қақпанға түсе жаздаған.

Ол осындай күрделі іс ашылған сайын мойнынан ауыр жүк түскендей жеңілденіп қалады. Бүгін күн қандай ашық. Жел де жоқ. Балық аулайтын күн екен деп ойлады да, өзі ылғи бас сұғатын балықшылар дүкенінен қармаққа ілетін жем сатып алды. Қара торы кексе әйел көптен осында дүкенші.

– Ә, тергеуші мырза, ішіңіз пысты ма? – деп әзілдеді.

– Бізде іш пысатын уақыт болмайды. Демалу керек. Су жағасында балық аулап дем алғанды ұнатамын.

– Әрине, балық аулау ең әдемі демалыс қой. Оның үстіне қаланың қапырығынан аулақ, таза ауа, тыныштық. Жолыңыз болсын!

Өзі де дем алуға барады. Ал көбінесе шешілуі шытырман қылмыс түрлерін ойлегінен өткізіп, өзімен-өзі болу үшін оңаша қалуды ұнаттып, балық аулауды сылтау ететін. Және де жанына ешкімді ілестірмей, жалғыз болуды қалайды.

Өлгі бір қақпанға түсе жаздаған оқиға қалай болып еді. Балық аулайтын маңға қарауыл қою дегенді кім ойлап шығарды екен деп әлі күнге дейін таң қалады. Ол сонда жемқорлыққа байланысты өте күрделі қылмысты тергеген. Алған бетінен қайтпайтын, әділ, қайсар тергеуші жұтқыншағы кең жалмауыздардың тамағына қылқан болып қалған. Атағы алысқа кеткен олигарх

сонда оның көзін біржолата құртып жіберуді ойлап, жолына тұзақ құрып, сан түрлі айла жасаған. Оққағарларына басқан ізін аңдытқан.

Үнемі спортпен шұғылданған соң, бірді-екіліге дес бермейтін жұдырығы жұмыр, күрес әдістерін шебер меңгерген тергеушіні оңай олжалай алмасын білген соң, оңаша қалған сәтін аңдыған...

Иә, сол тұста дұшпандары оған мықтап қақпан құрған болатын. Аңдыған алмай қоймастың керін келтіріп, балық аулауға құмарлығын біліп алып, балық аулайтын мекенін межеге алып қойған екен.

Полковниктің әлі есінде, сол күні ауа райы желкемдеу болатын. Алайда, балық аулауға барам деп желіккен көңіліне ол да тосқауыл бола алмады. Құрал-сайманын, палаткасын жеңіл көлігінің жүк салатынына жайғастырып, барғысы келіп тұрған кіші ұлының жауырынан қағып:

– Ренжіме, бұл жолы ала алмаймын. Келесіде міндетті түрде, – деп жүріп кеткен.

Ол отыратын ажырықты көл жағасында артық-ауыс ешкім болмайды. Бұны әдейі іздеген адам болмаса, таба алмайтын, бейсауыт ешкім келе бермейтін тұйықтық. Манағы желкем жел күшейе түскендей, көл бетінде кішкене толқындар пайда болып, сылқ-сылқ етіп жағаға соғып, су тынымсыз әрекетке көшкен.

Мына қозғалыста балық аулап қарқ болмайтыны да белгілі болды. Толқынмен келген кішкене шабақтар болмаса, үлкендері жағаға жоламайды. Мейлі ғой, мен балық аулауға емес, ой аулауға келдім. Оны мазалайтын бір ой – адамдардың қанағатсыздығы. Баю жолында ар-ұяттан безініп, өзінікі мен өзгенікі мүлкінің ара шегін шатыстырып, шырмауыққа шым бататыны. Осы кез желке тұсынан:

– Ааа... тергеуші мырза, ақыры оңаша кездестік-ау, – деген жуан дауыс естілді.

Ақыры бұрылып қарағанда, бұрыннан таныс олигархтың екі бүйірін таянып, талтайып тұрғанын көрді.

– Амансыз ба, сіз де балық аулауға келдіңіз бе? – деді.

– Жоқ, бақа-шаян, балық-малық менің айналысатын ісім емес, маған сіз сияқты ақуалдар керек.

– Бүгін – демалысым, кедергі келтірмеңіз. Балықтарды үркітесіз.

– Солай ма, сіз бізді үркітіп, ішкенімізді ірің, жегенімізді желім еттіңіз. Өзіңізді кім деп ойлайсыз?!

– Солай ма, артық ішпесеніз, артық жемесеніз ішкеніңіз ірің, жегеніңіз желім болмас еді. Сол туралы ойланып көрдіңіз бе?
– Ойлауды сізге қалдырдым. Адам күні адаммен деген келісімге келейік. Қалағаныңызды берем, істі доғартыңыз.

– Қателессіз. Ісіңізді жүргізуші мен емеспін, бақылаушымын. Сіздің ісіңізді жедел топ өкілдерінен бастап, генералға дейін баршаға қадағалап отыр. Солардың бәрінің аузын қалай жабасыз?
Осы кезде қайдан шыққанын қарулы топ сап етіп, олигарх пен оққағарының қолын артына қайырып, патрульдік көлікке тығып жіберді. Жедел топтың жетекшісі онда кім еді? Ә... ана қайратты қара жігіт екен ғой.

Таң қалған полковник :
– Мұнда не істеп жүрсіңдер? – деген.
– Сізді күзетіп жүрміз?
– Неге?
– Қауіпсіздігіңіз үшін.
– Кім сіздерге ондай тапсырма берген?

– Генерал.
– Генерал?

Таң қалғаннан үні шықпай қалған. Ол кісі мені сонша қорғайтындай кіммін деп ойлаған.

– Болды. Қайта беріндер, – деді тұтығып.

– Болмайды. Ондай бұйрық болған жоқ. Аналарды бөлімге алып кетеді. Сіздің қасыңызда мен қаламын! – Капитан қасарысып тұрып қалған.

Ама! жоқ, сол жолы құрал-саймандарын жинап, үйіне ерте оралды.

Сол оқиғадан кейін балық аулауға барғанда, жан-жағына мұқият қарайлайды... Олардың білдірмей алыстан абай болып жүруі де мүмкін ғой.

Айналаңа керек болудан артық бақыт жоқ...

Зияш ТЕЛЕУОВА

ЗАҢ газеті
Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА
Немірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6565 дана
Апталық таралым 13130 дана
Тапсырыс №945 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-төлемдер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31